

НЫҚАҢ – НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН

Бұрнадан білем, ешқашан жадымнан шығарғам жоқ, әйткенмен, осы естеліктер кітабын қалыптау үстінде ерекше байқалды, мына Мен – жазушы, әдебиетші, тарихшы Мұхтар Мағауиннің бүгінгі дәрежеге жетуіне, қысылтаяң, тайғақ кешулерде жығылмай, мұқалмай алға басуына, ақыры, тағдыр кесіміндегі еңселі, мерейлі биігін табуына – кемі он, он бес адамның, жай, қатардағы пенде емес, үлкен тұлға, алаштың айдынды ұлдарының себі мен сүйемелі шешуші қызмет атқарыпты. Ерекше еңбек жасаған ең жақындарын санамаласам, уақыт жөнімен айтқанда: Бейсекем – Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік аға Ғабдуллин, Әлекем – Әлкей Марғұлан, Нықаң – Нығмет Ғабдуллин, Ілияс аға Есенберлин, Олжас Сүлейменов... Әр кездегі әрқилы бетбұрыста қолдап, жаңа бір сатыда алдымды ашқан, менің қаламгерлік жолым, ғұмыр тарихымда айрықша орын алатын абзал арыстар.

Тек осылар ғана емес. Бұдан басқа, ертелі-кеш оң шырай танытып, қадарынша қол ұшын берген, менің абыройым көтеріліп, ұзаққа шабуыма риясыз пейілмен үлкен үлес қосқан тағы қаншама ағам бар екен. Бұлар да, менімен жанасқан мезгіл, кезеңімен айтқанда: Қабдыкәрім Ыдырысов, Қалижан Бекхожин, Сәбит Мұқанов, Рахманқұл Бердібаев, Бүркіт Ысқақов, Ғабдол Сланов, Қапан Сатыбалдин, Шериаздан Елеукенов, Әбділда Тәжібаев... Тек алдағы үлкендер ғана емес, қатарлас, қанаттас, риясыз тілектес үстіне, барыңа атсалысқан, демеуші, сүйеуші тағы қаншама дос, жарандар өз алдына бір төбе: Әбіш Кекілбаев, Қалдарбек Найманбаев, Әкім Тарази, Қайрат Жұмағалиев, Бексұлтан Нұржекеев, Төлен Әбдіков, Қоғабай Сәрсекеев... Ал кейінгі, тыныс берген інілерді тізбелеп тауыса алмаймын, тұтас бір топ. Әйткенмен, ойға әуелгі түскендерін үстірт санамаласам: Роллан Сейсенбаев, Асқар Егеубаев, Тұрысбек Сәукетаев, Медғат Құлжанов, Мейірхан Ақдәулет, Жұбаназар Асан, Ерлан Сатыбалдиев, Тұрсын Жұртбай, Ғалым Доскен, Қуанышбек Қари, Есенғали Раушанов, Қорғанбек Аманжол, Дидар Амантай, Акеділ Тойшан... Қашанда менің тілеуімді тілеген, қай жерде болмасын, қағаз жүзінде және ауызекі әңгімеде көтермелеп жүретін ізбасар інілер мен кейінгі шәкірттерді бұл тізімге жалғамай отырмын. Мен жүзін танып білмеген, алайда жарты ғасыр – елу жылдан астам ұзақ заман үстінде риясыз ықыласын аямаған, менен тек игі іс, татымды шығармалар күткен мың сан оқырман бар, жинақтап айтқанда, туған халқым түгелімен.

«Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», – деген. Мен әуел бастағы қисынсыз бөгесіндерден соң, оқыс көтеріліп, дауысым дабылдап, арынды атқа мінсем – алдыңғы ұстаздар мен ағалардың арқасы, бұдан соңғы кезеңде жеткен биігімнен төмендемесем, тұғырымда нық отырып, талықпай алға ұмтылсам – өзім ұйықты ортасынан жарып шыққан қазақ халқының рухы мен танымы, оның ішінде алыс-жақын таныс, бейтаныс алаш азаматтарының жебесіні және кейінгі парасатты,

көкірегі ашық інілердің ілтипат, пейілінің нәтижесі. Қайталап айтайын, жалғыз шапқан ат ешқашан жүйрік болып, өз-өзінен бәйге алмайды.

Әрине, әр кезде әрқилы тосқауыл да көп болды. Советтік құрылым мен халыққа қарсы билік, бұларды арқаланған әрқилы мұнафиқ, зұлым күштер жолымызды бөгеуге, біржола жер қылуға тырысып жатты. Алайда, әуелі Тәңірі мен Аруақ, одан соң Алаштың ардагер ұлдарының арқасында, біз де айрықша қайрат тауып, бәрін тапап өттік. Енді көлеңке жакқа үңіліп, жетпегеніміз бен жоғалтқанымыз да бірталай екенін біле тұра, осыншама жасаған ғұмыр, қадарынша атқарған іс, бітірген шаруамызға тәуба келтіреміз. Айттым, мен не тындырсам да, жалғыз өзімнің ғана күш-қайратым мен еңбегімнің арқасы емес. «Жауды жеңген – жасағы, батыр аты Барақта қалды», – дегендей, біз де осыншама Алаш азаматтарының арқасында ақырғы мұратымызды таптық. Иә, беріден санағанның өзінде ондаған арыс тұлғалар.

Міне, осы көптің бірі емес, маған пана болған, сүйеніш, жебесін болған алғашқы лектегі бес-алты кісінің ішінде Нығмет аға Ғабдуллиннің орны ерекше еді. Ойлап тұрсам, бастаушы, бекітуші және тиянақтаушы. Барлық уақытта туған інісіндей көріпті, жасы үлкен, еңсесі жоғары бола тұра, хан қасындағы қарашыдай, риясыз қызмет жасапты.

Мен Нығмет Ғабдуллин атты қаламгер барын бұрнадан білем, ал бет-жүзін алғаш рет университеттің екінші курсы, 1958 жылы сары күзде көрдім. Жазушылардың өз қолтаңбасымен кітап беруі дейтін дәстүр жаңа шыққан. Бәлкім, алғашқы беташары. Бірнеше жерде ұйымдастырылған үлкен базар. Біз Әбіш екеуіміз және Нұрмахан бар, орталықты жағалай адақтап, ең соңында Фурманов көшесінің етегі, Мәметовамен қиылыс тұсындағы, әжептәуір шалғай, бірақ өзімізге үйреншікті кітап дүкеніне барып едік. Есіктен кірген бетте, төр жақта, сөре сыртында отырған төрт-бес жазушы тік түрегелді. Нұрмахан бастап, сәлемдесіп жатырмыз. Үлкен ағалардың нақты кімдер екені есімде жоқ, алайда суретінен таныс Нығмет Ғабдуллин оқшауланып көрінген. Біртүрлі қолапайсыз кейіпте, сәл-пәл қызарыңқы, қымтырылып тұр. Жазушылар одағы мен кітап-сауда мекемелерінің келісімі бойынша ұйымдастырылған атаулы мәдени шараға амалсыз келгені аңдалады. Кейін өзіміз де бірер рет дәп осылай шыққанымыз бар. Яғни, кассирге ақшасын төлеп сатып алған кітапқа қолтаңба берудің ешқандай сөкеті жоқ, керісінше, оқырман қауым үшін үлкен қуаныш. Бұл қысылыс – Нықанның өзінің қыз мінезінің бір көрінісі екен. Сонымен, төрт жазушы, үш студент. Қаламгер ағалардың үлкенірек біреуі қайдан келдіндер, қайда оқисындар деп сұрап еді. Басшымыз Нұрмахан Оразбеков университет, филология факультеті деген соң, беделіміз одан әрмен көтеріліп қалғандай. Ағалардың алдында, сөре үстінде әрқайсына тиесілі кітаптар тұр. Мен мұқабаларына көз салып, Нығмет Ғабдуллиннен басқа жазушылардың қайсы кім екенін таныдым. Ал Әбіш ойланбастан, көңіл жықпай, әр жазушыдан біреуден, жиыны төрт кітап жаздырып алды. Нұрмахан екі кітап алды ғой деймін. Бұл кезде мен әлем әдебиетінің классиктерін ғана мойындайтын едім, әйткенмен, жүзі соншама ыстық көрінген Нығмет Ғабдуллиннің «Құрбылар» деп

аталатын әңгімелер жинағын алдым. Бүгінге бірінші және соңғы қолтаңба. «Талапты інішек Мұхтарға, болашағың зор болсын!» – деген автографы аса мәнді көрінген.

Біз үлкен кісілермен есен-сау айтысып, сыртқа шыққан бетте, осы маңда әлдебір шаруамен жүрген Ербала ағаға ұшырастық. Ербала Ысқақов, өз заманындағы ержүрек қазақ, 20-жылдарда қапияда екі бауырымен қоса қызылдар атып кеткен Ысқақ батырдың жалғыз тұяғы, детдомда өсіп-жетіп, соғысқа қатынасқан, бүгінде ҚазПИ-де доцент, бізге аталас туыс, мен Алматыға алғаш келгенде үйіне түскен, ерекше мейірбан кісі; достарымды таныстырып, содан соң Әбіш екеуіміз ортаға алып, суретке түстік, Нұрмахан шығарған бұл сурет жоғалмай, жақсы сақталған екен, Әбіш алдыңғысы, соңғысы бар – жарты тең кітаппен тұр, менің қолымда Нықанның шағын жинағы ғана.

Бұдан кейінгі, студенттік, аспиранттық жылдарда Нықанды көрген, көрмегенім есімде жоқ, көрсем, бетпе-бет емес, алыстан, әлдебір әдеби жиындарда ғана. Есесіне, 1965 жылы июль айының ақырында алдына арнайы баруға тура келген. Мен Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет туралы монографиямды әбден тиянақтап, енді жекелеген тарамдарын баспасөзге өткізу қамына кіріскем. Ең алдымен – атағы аспандай көрінген «Қазақ әдебиетіне» талап қылдым. Жұмыстың ұзына бойынан теріліп алған ежелгі жыраулар поэзиясы – Қазтуған, Доспамбеттен бастап, Марғасқа, Шалкиіз, Үмбетеймен қаусырылатын, ұзақ он алты беттік көлемді мақала. Менің болашағым үшін ғана емес, қазақ әдебиетінің жаңа тарихы үшін айрықша мәнді еңбек. Сын бөлімінің меңгерушісі Әбіраш Жәмішевке тапсырып едім. Әбіраш, обалы қанша, бірден ұнатты. Қазір бас редактор Қапан Сатыбалдин еңбек демалысында, редактордың орынбасары, жазушы Нығмет Ғабдуллинге ұсынам деген. Өте жақсы. Бірақ бұған дейін әр жерде басқа бір шығармалар бөлімнен асып, редактордың алдынан қайтқан жағдайлар көп болып еді, мәселен, әуелгі әңгімелерімнің бірі «Лениншіл жаста» редактор Шерхан Мұртазаевтың алдында құлаған, сондай-ақ, «Қазақстан әйелдері» журналынан да, бөлімдегі Есләм Зікібаев ұнатқан тағы бір әңгімем берік камал редактордың шебінен өтпеген. Ал бұл жолы басқаша болуға тиіс. Менің, соңғы демесем де, дәп осы кезеңдегі шешуші майданым. Әбіраштан шыққан бетте, Нығмет Ғабдуллинге кірдім. Кейін білгенім, аралықтағы мәшінкеші әйелдерге жалғас, қарсы бөлмеде отырады екен, бұл жолы демалыстағы бас редактордың кабинетінде. Сол кездегі қалыпты әдет – бұрнада талай көргенімдей астам тұрпат, қатаң жүз, сынай қараған қытымыр мінез жоқ, кәдімгі адам сияқты, мәдениетті кісі екен, жылы шыраймен қарсы алды. Мен өзімнің мән-жайымды қысқаша айттым. Аспирант, қазақ әдебиетінің орта ғасырларына арналған диссертациялық жұмыс, соның мәйекті бір түйіндерін жинақтаған көлемді мақала, бастан-аяқ бүгінге дейін белгісіз жыр, толғаулар, түйіндеп келгенде, қазақ әдебиетінің жаңа тарихы. Бөлім бастығы Әбіраш Жәмішев мақұл көріп отыр, әйткенмен айып етпеңіз, сіздің алдыңыздан өтіп тұрғаным... Соншама көп сөзді бір жарым-екі минуттық нақты ақпарға сыйғызған

едім. Бас редактор міндетін атқарушы бір түрлі елегізіп қалды. Сіздің жетекші Бейсекеңнің бұл мәселені көптен көтеріп жүргенін білем, теріс емес, әйткенмен уәде бере алмаймын, Әбіраш ұсынсын, содан соң көре жатармыз... Мен әжептәуір құлазып қалған едім, өңімнен аңдаса керек, ықылас ишаратын жасап, орнымнан тұрған кезде соңғы лепесін айтты: «Мұндай маңызды мәселені өзімнің бақылауыма алам, онымен шешіліп қалар...» – деген. Айтқанындай, арада оншақты күн өткенде «Әдебиетіміздің тарихы жөнінде бірер сөз» дейтін, газеттің тұтас бір етегін қамтыған көлемді мақала жарқ етіп шыға келді – 6 август 1965. Шын мәнісінде баспасөзге жолымды ашқан және ежелгі әдебиет тарихын әйгілеген шешуші еңбек. Әрине, үлкен қуаныш. Сол сәтте де, кейін де. Күні бүгінде алғысымды айтып тауыса алмас едім. Ежелгі қазақ поэзиясына жол ашқан Нығмет Ғабдуллинге. Әйтсе де, мен түзелмес максималист болсам керек. Көңілде әжептәуір кірне қалған. Сын бөлімін басқарып отырған Әбіраш Жәмішевке. Рақметім мен ренішім бірдей. Он алты бет, газетке әбден сыйымды, әрі қажетті мақаланы тең жара қысқартып, сегіз бетін ғана ұсынған екен. (Бұдан соңғы кезеңде, Ғабит аға Мүсіреповтің нұсқауымен «Жұлдызға» берілген және осы Ғабем молынан кескен тұтас елу бет емес, қырық беттің үстіндегі, кең толғамды, байыпты зерттеу мақаланы екі еседен астам қусырып, небәрі он сегіз бетке түсіріпті; одан әрмен, екеуіміз де одақтың баспасөзі – ол «Жұлдызда», мен «Қазақ әдебиетінде», сын бөлімдерін ұстап отырған кезімізде арамыз қайшыласа берген. Идеялық бағыт-бағдары тұзу Әбіраш Жәмішев маған қашанда сезік, күмәнмен қарайтын. Ақыры, мен газеттен де, баспадан да кеткеннен соң, ендігі бастығы Сырбай Мәуленовпен бірге «Қазақ әдебиетіне» қайта оралғанда, нешеме жыл бойы мені іліп-шалумен болды. Сөйтіп, арамыз мүлде бұзылған. Десе де... Жарым-жартылай, қидалап, біраз сөлін сыққанымен, алғашқы, шешуші мақаламды жарыққа ұсынып еді, кейінгісінің бәрін танымның тарлығына, мінезіміздің қиыспауына теліп, осы әуелгі еңбегін уақтылы бағалауым керек екен, енді ғана жаңа байыпқа жүгініп отырмын.)

Мәйекті мақаладан соң тым көп ұзамай Ғабит аға Мүсіреповтің көзіне шалыныппын. Алыс қиядан, қазақ теледидарындағы ұлттық мұраға қатысты әдепкі бір хабарда ежелгі жыраулар туралы толқымалы сөзімнің үстінде. Бұрын да әлденеше мәрте жазғам. Ғабен мұндай өзгеше лепеске сүйініп, бүгінде мүлде ұмытылған жыраулардың ғажайып толғауларына қайран қалып, сөйлесу, көрісу үшін мені іздестіре бастайды.

Бұл кезде менің жағдайым, жаман деп айтпайын, қыл үстінде тұрған. Осыдан үш-ақ күн бұрын, университеттің қазақ әдебиеті кафедрасындағы ресми талқы – Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиевтер бастап, Есмағамбет Ысмайылов, Белгібай Шалабаев, және біреулер қостаған жиын кезінде біздің жұмысқа қаншама саяси, идеялық айып тағылған. Ғылыми жетекшім Бейсенбай Кенжебаев пен көлденеңнен келген Мәлік Ғабдуллиннің жоғарғы бағасынан соң мақұлданып, қорғауға ұсынылса да, бұл еңбектің қарсы алдына оңайлықпен бұзылмас үлкен бөгесін қойылған еді. Оның үстіне, аспирантура мезгілі бітті, қандай да бір қызмет елесі

көрінбейді, бұл кезде жас келіншегім мен әлі қырқынан да шықпаған сәбиім бар, алдағы әдепкі тіршілік жөнін үлкен қиындық күтіп тұрған. Яғни, менің ғұмыр тарихымдағы шешуші, бетбұрыс бір кезең. Қаншама мықтымын дегенмен, тағдыр талғамына байланысты, қыруар қажыр-қайрат тілейтін, алмағайып жағдай.

Менің өзгеше талайыма қарай, дәп осы сәтте Ғабит аға Мүсірепов қиядан көз тастады. Ал Нығмет аға Ғабдуллин әуелгі бір еңбегімді оқып, қолынан өткерген, мені тікелей таниды, соған қоса, бар болмысымды кәміл бағалаған екен. Ғабен атақты, классик қаламгер ғана емес, бұл кезде Жазушылар одағының төрағасы, енді өзінің ең жақын көмекшісі есепті, үшінші хатшы Қабдыкәрім Ыдырысовтың айтуымен, Нығмет Ғабдуллинге шығып, «әлгі баланы» қайткенде тауып әкелуге тапсырады. Үлкен кісілердің алаңғасар бір мінезі – кейде уақыт пен жағдайға қарамайтыны. Мекен, тұрағы белгісіз мені тауып алу керек. Және тақаудағы күндерде емес, осы ертең, түскі сағат үште алдына жетуім шарт сияқты.

Ертеңіне, көңілім күңгірт, университетке, өткен талқылаудың мәжіліс хатының жайын білмекке, кафедраға барып едім, Бейсекеңмен бірге қайта шығып келе жатқанбыз, бұл кезде университеттің негізгі оқу корпусы және филология факультеті – Бас почтамттың қасында, бір замандағы Үкімет үйі, Мұхтар Әуезовтың дәрістерін біз осы жерде тыңдадық, Жазушылар одағына жақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің орынбасар редакторы Нығмет Ғабдуллинге есік алдында, қарсы жолықтық. «Бейсеке, сізге келе жатырмын», – деді Нықан. «Кел, кел...» – деді Бейсекең. «Бір қалауым болып тұрғаны...» «Ал, ал...» – деді Бейсекең. «Қалауым – мына жігітіңізде азғана шаруам бар еді...» «Дұрыс», – деді Бейсекең. Біз Нықан екеуіміз оңаша қалдық. «Кешегі теледидардағы сөзіңді Ғабен тындапты – Ғабит Мүсірепов», – деді Нықан мәселеге бірден кірісіп. – Қабдыкәрім арқылы біліп, маған шықты. Сені іздеп жатыр». «Не үшін іздейді?» – дедім мен бұл сөздің байыбына бармай. «Сөйлескісі келеді. Мүмкін, жұмысқа шақырар». «Қандай жұмыс?» «Қазақ әдебиетінің» сын бөлімінің меңгерушісі. Әбірашты Сырбай сұрап отыр. Орын босайды. Сонда келгеніңді қалар едім. Сен... – деді содан соң өзімсініп, – саған газет жұмысы қиынға түспеуге тиіс. Ғылымыңа ешқандай бөгеті болмайды. Әдетте, – деді содан соң ағынан жарылып, әрі мен келіспей қоя ма деген қауіп, – бұрын баспасөз маңында істемеген адамның жазуы ойқы-шойқы болады. Ал менің таң қалғаным, сенің қалыптасқан, жақсы тілің бар. Біздің жазғыштардың мақаласын түзеу, редакциялау қиынға түспейді. Әрі өзіңнің мына еңбегіңді бөлек-бөлек мақала түрінде жарыққа шығаруыңа жол ашылады. Баспа да қасында. Жазушылар қауымымен жақынырақ танысасың. Көп нәрсе көресің. Академия, институттардан бұрын, Одақта, баспасөзде біраз қызмет атқарған жөн...» Мен сенер-сенбесімді білмей, бас изегендей болдым. «Жөн, – деді Нықан қанағаттанған сыңаймен. – Менің айтып тұрғаным – құдай қаласа деген сөз. Ғабеннің көңілі түссе. Қазір Одаққа барып сөйлесіп, шет жағасын тақатып қоям. Бүгін сағат үште қабылдайды. Оған

дейін маған емес, Қабдыкәрімге кел. Сол ертіп барады Ғабеңе. Артынан, бар жағдайды Қабдыкәрімнен өзім білем», – деді.

Сонымен, бұрнада екі, әлде үш қайтара жазғанымыздай, Ғабит аға Мүсірепов менің болашағымды айқындап, «Қазақ әдебиеті» газетіне сын бөлімінің меңгерушісі қызметіне бағыттады. Өткенде айтылғандай, бұл кездегі бас редактор – алаңғасар, ақкөйлек, әпенді мінез Қапан Сатыбалдиннің ары, бері тартқан азғана шырғалаңынан соң, тиесілі орныма келіп отырдым. 1965 жыл, октябрь айының соңғы бір күндері – 29 қазан болса керек.

Бұл кезде Нығмет Ғабдуллин бас редактордың орынбасары. Ғабит ағамен айрықша жақын. Өткен жылы ғана «Ғабит Мүсіреповтің драматургиясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Оның үстіне, біздің қазақта сөз жатпайды, әне-міне Сатыбалдин кетеді, орнына Нығмет Ғабдуллин отырады деген, ақыры шындыққа айналған қауесет бар. Мен әуелгі көрген заманымнан алты-жеті жыл өткен, бұл кезде Нықаң мейлінше салмақты және өзіне сенімді жігіт ағасы, бойындағы, тума біткен бар жақсы қасиеті айқындала түскендей екен. Білімдар ғана емес, білікті, қазақы кісілік пен зор мәдениет айқын танылып тұр. Сонымен қатар, орынбасар бас редактор ретінде, өзінің құзіретінен артық мінез көрсетпейді. Қапекеннің алдын орамайды, алайда, ара-тұра, лездемелер кезіндегі сараң сөзінде ұнамды да, ұнамсыз да жағдаяттар туралы пікірін бүкпесіз, дәлелді және ашық білдіреді.

Өткендегі жазбаларда Қапан ағамның зілсіз, аумалы-төкпелі мінезі жөнінде біраз айттым. Мен үшін әуелгі кезеңде еркін жұмыстасу әжептәуір қиынға түсіп еді. Бөлім ұсынған ана мақала алай емес, мына мақала былай емес, дегендей. Және ешқандай дәлел, айғақсыз, тек қана әрқилы көңіл күйіне орай. Әйткенмен, менің өз жазуыма ешқандай бөгесін, кеселі болған жоқ. Керісінше, осы Қапекеннің тұсында менің ғылыми қызметім туралы ең алғашқы, бағалы, мәнді пікір айтылып еді. Адуын ақын ғана емес, терең әдебиетші Қалижан Бекхожиннің Ата-Қазақ мұрасы туралы, ілкіде ғана жарық көрген «Үш ғасыр жырлайды» жинағына қатысты аса көлемді мақаласының ішінде. Университет аспиранты, зерделі, ізденімпаз жас ғалым әдебиет тарихында үлкен жаңалық ашты, осы, ежелгі қазақтың асыл сөзінің бастауында тұрған Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың шығармалары үлкен жинақтарға еніп, әдебиет тарихына қосылуға тиіс деген тұрғыда. Жан-жақты, байыпты мақала редакцияға менен бұрын түскен екен, мен келгеннен кейін көп ұзамай жарыққа жетті. Сын бөліміне тиесілі дегенмен, газетке дайындауға ешқандай қатынасым болмаған, әуелден-ақ бас редактор Қапан Сатыбалдиннің өзінің тікелей бақылауында. Қалижан ақсақал да өзінің әр сөзіне қарауыл қоятын, һәм мінезі қатқыл кісі екен. Жаңа айтқанымдай, болашақ Мұхтар Мағауин дейтін жазушы, әдебиет тарихшысы туралы баспасөзде шыққан ең алғашқы лепес. Және қандай. Әдеби газетте, атақты ақынның аузынан. Сол үшін өзімді Қалижан аға Бекхожінге ғұмыр бойы қарыздар сезініп келем. Тіршілік күнінде үнемі жақсы қатынаста болдық, ақсақалдың ықыласы да ерекше еді, әр кезде

өзінің екі, әлде үш кітабын риясыз көтермелеген автографтарымен жазып берген. Ілияс Есенберлин, Ғабдол Сланов, Олжас, Мұқағали іспетті ең қымбат ағаларымның қолтаңба естеліктері қатарында Алматыдағы кітапханамның қойнауында сақталып тұр.

Хош. Қалижан ағаның ежелгі қазақ мұрасы, оның ішінде менің ерекше еңбегім туралы мақаласынан соң, бұрын аңдамай жүрген біраз жұрт мені тани түскендей еді. Тек аяқ астынан бір реніш шыққан. Атаулы мақала басылған күні, әлде ізінше, келесі аптада, редакция алдында Зейнолла Серікқалиевпен ұшырасып қалып едік. Университеттен таныс, бізден екі жыл бұрын бітірген, енді «Жұлдызда» жасайды. Менің төртінші курсымда, Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясының жарыққа шыққан алғашқы екі кітабы туралы, ауыр сындары бар үлкен мақаламды журналға ұсынып, бас редактор Жұбан Молдағалиевтің сүзгісінен өткізе алмады және қатты сөгіс естіген. Келер жылы, соның әсері ме, анығы – өз танымы бойынша, «Кешқұрым» дейтін әңгімемді журналға жарамсыз деп тапқан және қойған кінәсі сорақы болатын: мұнда ауылдық бір белсенді екінші бір қарапайым кісінің заңды әйелімен ойнап қояды. «Мұндай арам жағдаят әдебиетті былғамау керек» деген, сылтау емес, нық сенім. Міне, сол, ежелден таныс Серікқалиев. Газетке келгелі мені алғаш көруі. Кәдімгіше амандастық. Содан соң, әлде қалжың, әлде шыны: «Сен «Қазақ әдебиетіндегі» қызметінді өзінді мақтатудан бастадың ғой!..» – дегені. Айтқанымдай, менің ісім емес, мен жасай алмайтын және тоқтата да алмайтын жағдаят. Бөтен ой жоқ, әзіл ретінде қабылдадым. «Уақа емес, – дедім. – Сен ана журналда өзіңнің әйелінді де мақтатып жүрсің ғой!..» Күле қарасам, Зейнолла әріптесімнің түсі бұзылып кетіпті. Кегжие сазарып тұрып: «Сен өзіңнің әдебиетшілігіңді менің әйелімнің деңгейімен қалай салыстырасың?!» – дегені. Намысы қайнап, соншама долырып тұр. Енді шарт кетуге тура келді: «Әйелің тұрыпты, сенің өзіңнің деңгейің қаншалық, менің қасымда!» – дедім. Реніш емес, шын сөзім. Зейнолла бір сәтке қыстығып, үндей алмай қалды. Бұдан әрі жағаласып та кетуіміз ықтимал екен, қасымызда тұрған басқа жігіттер айырып әкетті. Содан бастап екеуіміздің адамша қатынасымыз болмады. Кейін осы керемет әдебиетші әйелі «Кешқұрымның» советтік моральмен сыйыспайтын өрескел қателігін артығымен мақұлдап шығып еді. Одан соңғы, Ілияс Есенберлин туралы, тағы да саяси айыпқа толы мақаласы да жақсылыққа бастамаған. Ақыры, арада отыз-қырық жыл өткенде іргелес көрші тұрдық. Оралханмен тым жақын екен, әлдеқалай, Айман келіннің дастарқанында түйісіп едік. Екеуіміз де егде жастамыз, өткендегі ызалы кеп көлеңке тартқан, қоса шақырған Ораштың райы да бізді табыстырмақ тәрізді, тағы бір жақсы жігіттер бар, бейбіт отырдық. Осыдан соң көп ұзамай, Оралхан бар, Рамазан және бір көршілер – бәріміздің басымызды қосып, ағайыншылық жөнімен үйіне шақырды. Біз тараптан қайырма жауап болмады ғой деймін. Әйткенмен, үй маңында, Одақ төңірегінде әлдеқалай кездескенде кәдімгідей амандасып, еркін әңгімелесіп жүрдік. Келер, әлде арғы жылы Мемлекеттік сыйлыққа түскенде ақ-адал дауысымды бердім. Кейбір кездерде белгілі бір топтың

әуенімен ауып кетіп отырса да, білімдар сыншы, және жеке басы қатал тағдырдан соққы жеген, мүлде теріске шығарудың қисыны жоқ еді.

Хош дейік. Нығмет Ғабдуллин туралы жазып отырсақ та, сөз ауқымы «Қазақ әдебиеті» – газет және рухани өмір туралы болғандықтан, бірлі-жар қосалқы лепесімізді де ірікпеу керек сияқты.

Сөйтіп, газеттегі күнделікті, біршама ауыр, жауапты, сонымен қатар, қызғылықты, ең кереметі – дау-дамайлы жұмысымыз жалғасып жатыр. Қапекенмен тіл табыспасақ та, үйренісе бастадық. Алайда, бұл дүбара жағдай ұзаққа созылмады. Февраль айының соңғы декадасында, Ғабит Мүсіреповтің жарлығымен Қапан Сатыбалдин бас редакторлық мансабынан айрылды. Көптен күтілген іс болса да, төтенше жағдай. Ол заманда, Жазушылар одағындағы қандай да оқиға жалпы қызыққа бастар еді. Алас-күлес мінезіне қарай, Қапекеннің кетуі де бірталай әзіл, оспаққа негіз болды. Ал Садықбек Адамбеков Мұрат ақынның «Үш қияны» және Махамбет әуенімен тұтас бір толғау шығарған. «Мұнар да мұнар, мұнар күн, – Бұлттан шыққан шұбар күн, – Қапаннан бақыт тайған күн, – Қайырсыз болған қайран күн!..» – деп өксіп бастайды да, әдеби газетіміздің бұрынғы-соңғы бас редакторларын санамалап, әрқилы, қуақы сыпаттама беріледі. Және әрбірінің соңында: Жұмекем сабаз, яғни Жұмағали Саин, Әбекем көкем, яғни Әбділда Тәжібаев, қайран Сырбай, яғни Мәуленов, тағы басқалар «...кеткен жер, – Қайырсыз болған неткен жер!» – деп түйіндеп отырады. Ең ақырында: «...Сыртта, – Боз машина боздаған, – Іште, – Көмекке ешкім қол созбаған, – Қапаннан қайрат кеткен кеткен жер, – Қайырсыз болған неткен жер!..» – деп, солықтап, әрең тоқтайды. Бүткіл Жазушылар одағы, баспа мен редакциялар қыран-топан. Қапекенді жек көргеннен, әйтпесе табалағаннан емес, әйтеуір күлкі үшін және осы ағамыздың аңғалақ, өзгеше мінезіне орай.

Сонымен, «Қазақ әдебиеті» газетіне Нығмет Ғабдуллин берік табан тіреді. Келген бетінде, асығып, аптықпай, байыпты салмақпен біршама өзгеріс жасаған. Газеттің көркемдік сапасы, әрбір бетінің өзіндік мазмұны, әрқилы жанрдағы материалдардың орналасу реті, өтімді, көрнекі сызба макетке дейін. Көп ұзатпай, бұл кезде әбден танылып, өрлей бастаған дарынды қаламгерлер – Сәкен Жүнісов пен Сайын Мұратбековты жұмысқа шақырды. Алдымен келген Сайын – проза бөлімінің меңгерушісі. Бұдан соңғы Сәкен – очерк және публицистикаға жауапты. Шын мәнісінде Нығмет Ғабдуллиннің өз кадры болып шыққан мен – әдеби сын бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарам. Қасымда – Қабдеш Жұмаділов. Бұрнадан жүрген театр сыншысы Қажықұмар Қуандықов – өнер бөлімінде. Қазақ поэзиясы – Ізтай Мәмбетовке тиесілі. Қапекеннің кезінде еркін тілші саналған, бірақ менің бөліміме тіркелген Рамазан Тоқтаров – әмбебап әдеби қызметкер. Әдеби газеттің жаңа бас редактор біржола бекіткен ескілі-жаңалы құрамы – сайдың тасындай көрінетін. Менің көзқарасым тұрғысынан алғанда, бір ғана кінәрат бар: жауапты хатшы Ғаббас Жұмабаев. Бұрнағы өкімі біршама күшейген. Ғабен Нықанды жаңа орынға бекіткенде, артық тежеуіш деп, бас редактордың орынбасары қызметін жоққа айналдырған. Оның есесіне,

айтқанымыздай, жауапты хатшының ғұзыры артқан сияқты. Сырттай қарағанда, бұл Ғаббас Жұмабаев та өз орнына лайық: орысша, қазақшаға бірдей, әдеби сауаты да жаман емес, анау-мынау жеңіл очерк, тақырыптық мақалаларды, ара-тұра, қажетті аудармаларды мәшінкеге бірден, ауызша айтып жаздыратыны бар, оның үстіне, әжептәуір танымал ақын. Бізге, атап айтқанда маған ұнамайтын ең негізгі сыпаты – партиялық тұғыры, жай ғана тиянақ, қуатты қару ғана емес, берік сенім. Және осы саяси ұғымын газеттегі барша жұртқа таңбаса да, бар жазудан талап етіп отыратындай. Келген бетімде, арада екі күн өтпей, мені айрықша жек көре бастады. Кейінгі бөгесін, қиянаттарын айтпағанда, үнемі қаламақыдан қағып, тиесілі ақшамның тең жарымын, тым құрса үштен бір бөлігін кесіп отыратын. Жалпы гонорар мәселесін Нықанның өзі де қадағалайды, кейде көпе-көрнеу қиянатты түзетіп те жатқанымен, жауапты хатшының әр тараптағы әрбір ісін түгендеп отыру мүмкін емес. (Кейін, елудің жуан ортасында мезгілсіз дүниеден өткенде, қазақ салтымен марқұмның топырағына үлес қосу жөнін айтып келген құдайы көрші, сыйлас Жайсаңбекке: «Ағаң менен бар алашағын артығымен алып кеткен...» – деп едім.) Айтпақшы, редакциямызда тағы бір өзгеше қызметкер болды. Штаттағы фотограф Сардарбек Ақпанбетов. Сөйлеген сөз, жүріс-тұрысы ғана емес, шабдар бет, сығырайған көз, қайшылаған ерін – түр-тұлғасына дейін сүйкімсіз кісі еді. Сол кездегі жасы елудің үстінде. Бізді сатырлатып суретке түсіріп жатады. Жекелей де, тобымызбен де. Алайда, ешқашан, тым құрса бір суретімізді қолымызға берген емес. Шыдамсыз Рамазан мен тентек Сәкен сұраса керек. Менің көзімше де айтқаны бар. Сендердің бәрің классик, ертең тарихта қаласыңдар. Сонда, сендер өлген кезде бұл суреттерді түгелдей жарыққа шығарып, көп ақша алам, дер еді. Қалжың емес, шыны. Айттым, өзі елудің жуан ортасында. Біздің ең үлкеніміз Сәкен отызға ілінген, ең кіші мен жиырма бестен жаңа астым. Бір-екеуіміз мезгілсіз кетсек те, көпшілігіміз Ақпанбетовты алға салуымыз анық. Сондағы сөзі. Әй, мынау – нағыздың өзі, КГБ-ның агенті, дейтін Сәкен. Осы суреттердің бәрі ана жерге жетіп, біздің жекелей айып деломызға тіркеліп жатыр... Әй, қойшы, дейді Рамазан. Әумесір, ақымақ және жалқау, сол суреттердің ешқайсын шығарып та жатқан жоқ. Әйтеуір жұмыс жасап жүрген көрінісі... Күлеміз де қоямыз. Шын мәнісінде, біздің әдеби газет редакциясындағы ең жайсыз ғана емес, ерекше қауіпті адам – жаңағы жауапты хатшы, Ғаббас Жұмабаев болатын. Кім білсін, сыртымыздан қай жерге қандай ақпар беріп жүргенін. Бұл Ғаббастың жұрттан ерек тағы бір мінезі – тоқтаусыз маскүнемдігі. Таңертең сау сияқты, бірақ жұмыс аяғында бұрқырап тұрады. Ақыры, бұл ғадеті біз, анығын айтқанда мен үшін оңға шықты. Кейінгі кезде таң азаннан ішіп келетін болған. Көп ұзамай, жұмыс үстінде еселей бастады. Ақыры, газеттің кезекті бір саны дайындалатын күні, ақыл, есін білмей, редакторға қарсы бөлме, өзінің жұмыс кабинетінде қылжиып қалған. Бұдан соң Нықан мәселені төтесінен қойып, Жазушылар одағы басшысының мақұлымен, жұмыстан шығарып жіберді. Алайда, бізге айтарлықтай жеңілдік келмепті. Ғаббастың орнына,

жоғарғы жақ, әрине, ЦеКа-ның нұсқауымен, жауапты хатшы болып Құрманғали Ұябаев деген келді. Партиямыздың Орталық комитетінің жаршысы «Социалистік Қазақстан» газетінде істепті, бірер жинақ шығарған ақын екен. Маскүнемдігі де, көпе-көрнеу қастандығы да жоқ, күліп тұрады, майда, бірақ біздің шығармашылық жұмысымызға тікелей араласа бастады. Анау алай емес, былай болса, мынаны әйтіп жасау керек, дегендей. Қанша айтқанмен, екінші бастық, мүмкіндігінше айналып өтуге тырысасың. Тек бірде мінезі тіке Сәкеннің тарс еткені бар: «Мен – отыз жасымда роман жазған керемет жазушымын, маған ақыл айтып, жөн сілтейтін сен кімсің?!» – деп. Мен үшін Ғаббас Жұмабаевтан гөрі қолайсыз шықты. Ана кісімен дауласасың, дұрысыңды дәлелдейсің, ал мынаған сөз қонбайды екен. Ақыры, арада жарым жыл өтпей «Жазушы» баспасына ауысып, мұншама жылбысқы көсемнен біржола құтылған едім. Әзірше оған дейін әжептәуір уақыт бар.

Манағы Садықбек сабаз айтқандай, бұл ордалы газетке кім келіп, кім кетпеген. Бұрын да, соңынан да. Күні бүгінге дейін. Бұлардың ішінде атақты ақындар мен аса үлкен жазушылар да бар. Алайда, менің байыбымша, республикалық әдеби газетіміздің соңғы алпыс жылдық тарихындағы ең сәулелі бас редактор – Нығмет Ғабдуллин болды. Қай жағынан алғанда да. Ең бастысы – ұлттық бағдар, ең аяғы – әдепкі сауат жөнінен қарағанда.

Қашанда әдебиет газетінің бет-бейнесі, шынайы көрсеткіші – әдеби сын деп айтар едім. Көркем шығармалар қай тарапта да, оның ішінде «Жұлдыз» ғана емес, әрқилы көпшілік журналдар мен күнделікті газеттер бетінде көрініс бермек. Ал ағымдағы рухани шерудің бағыт-байыбы, танымы мен тынысы – әдебиет газетінің үлесінде. Осы тұрғыдан алғанда, Нығмет Ғабдуллин кезіндегі «Қазақ әдебиетінің» өрісі кең, деңгейі биік болды. Бас редактордың білімдар ғалымдығы және шешімтал батылдығы арқасында. Мінезі биязы, кісілік мәдениеті өте жоғары Нығмет Ғабдуллин адам атаулымен қатынаста қаншама сыпайы болса, рухани таным, бүгінгі болмыс пен өткен мұраны бағалауға келгенде, қайыспас қатал болатын. Алаңғасар ерлік емес, табанды, баянды күрес. Маған сенімі зор еді, алғашқы күннен бастап толық еркіндік берді. Әрине, баз-базында ақылдасып аламыз, әйткенмен, ниет еткен ісімде бетімді қайырған емес.

Мен жұмысқа алғаш кіріскен кезде Нықанның өзімісініп айтқан бір кеңесі бар еді. Мына біздің әдебиетші қауымның басым көпшілігі жазуға шорқақ, біліп тұрғанының өзін анықтап жеткізе алмайды, бірден қайтарып жібермей, нәрін тауып, қиыс сөйлемдерін түзеп, қажетке жаратуға тырыс, деп. Мен бұл сөздің байыбына бойлаппын. Арада ай өтпей, қайран қалуға тура келген. Әжептәуір атағы бар сыншы, ғалымдарымыздың өзі дұрыстап сөйлем құрай алмайды екен. Қазір ешкім сенбеуі мүмкін. Сол кезде мен анық білген кейбір жазғыштар уақыт оза келе кейінгі толқыннан үлгі алып, біршама жетігіп кетті; бүгінде, әдебиет, журналистика саласында, тереңнен тарпаса да, айтпақ сөзінің бас-аяғын жинай алмайтын, шикалақ сауатсыздық сирек. Ал ол кезде... бәрі керісінше. Үлкендерде Қажым Жұмалиев, келесі буында Серік Қирабаев,

Рахманкүл Бердібаев сияқты санаулы әдебиетші болмаса, сол кездегі ғылым докторы, кейінде үлкен дәрежеге жеткен тағы қаншама жұртымыздың ахуалы тым шамалы екен. Әрқилы қызық және қолайсыз жағдайлар бастан өтіп еді. Әуелде, шетте тұратын ғылым докторы, профессор Әбіш Байтанаевтың бір мақаласын қабылдап алып едім. Тақырыбы тәп-тәуір, айтқан сөзі де бар орнында. Жолай келген кісі, қолжазбамен толығынан таныспай-ақ, алдағы сандардың біріне дайындап берем, деп едім. Әнтек сөзім екі күннен соң алдымнан шықты. Жүзден бір жобасы жоқ. Мәселе шаласауат, шалағай сөйлемдерде ғана емес. Автор ойының өзі бұлдыр. Анығы – ешқандай ой жоқ. Енді қайтесің? Қайта ұрынбас қателік болыпты және алдағы барлық уақытқа сабақ. Өңдеп, жөндеп жіберудің ешқандай қисынын таппадым. Ақыры, созыла келе мүлде аяқсыз қалған. Баспасөз тәжірибесінде әдепкі жағдай болса да, мен үшін аса жайсыз оқиға. Жалған айтыптын һәм уәдеге жақын сөзімді орындай алмадым... Доктор, профессор, мүше-корреспондент Есмағамбет Ысмайыловтың көлемді мақаласының жағдайы басқашарақ шешілді. Мұнда да басы бар, аяғы жоқ, өзара қиыспай, жымдаспай жатқан жарымжан сөйлемдер. Әйткенмен, тарыдай түйінін тауып едім. Сол негізде үстінен тартып, жарым-жартылай жаңадан жазып шықтым. Газет бетінен соң, әлдеқалай көріскенде, ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезовтің өзі іш тартып, Есет деп қолпаштаған академик ағам қабағын көтере күліп: «Мақаланы көбірек қысқартып жіберіпсің...» – деген. Реніш емес, жай ғана ескерту сияқты. Ендігіде мұнша қысқартпа, дегендей. «Газет тым үлкен мақаланы көтере алмайды ғой», – дедім мен жалтарып. Мүлде жарамай жатқан соң қысқартылды және бастан-аяқ түзетілді деп қалай айтарсың. «Е, жарайды, мәйегі сақталыпты...» – деді бір замандағы аға сыншы, қазір де аса беделді кісі мүлде жұмсарып, менің қолымды алып. Қыңыр, қисық сөйлемдерінің оңалуын әдепкі, табиғи жағдай деп санағанын аңдадым да қойдым. Бұдан гөрі сорақылау жағдай. Мұхтар Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағы дайындалып жатыр деген шағын ғана ресми ақпар шықты. Жоғарыдан пәрмен түскен, енді Ғылым академиясында атқарылып, «Жазушы» нәшіриятында басылмақ. Осыған орай біз кеңінен қамтып, бұрын болмаған мұндай толымды топтаманың толық мазмұнын, бар бітімін айғақтап, үлкен мақала беруге тиіспіз. Әдебиет және өнер институтының директоры, осы ұлағатты жұмыстың басты жауапкері Мүсілім Базарбаевпен хабарластым. «Қазақ әдебиеті» газетіне халқымыздың рухани өміріндегі елеулі оқиғаға байланысты толымды мақала керек. Екі-үш аптадан соң, өзінің кісілігі кежегеден тартып, әлдебір қызметкерінен беріп жіберіпті. Мәшіңкеге тығыз басылған, тура он төрт беттік үлкен мақала. Қосар серігім Қабдештің қолына ұстаттым. Тезінен дайындалуы керек. Қабдеш үңіле оқып бір күн отырды. Қаламын сайлап, қайтара сүзіп екі күн отырды. Сол әрекетсіз қалпында, үшінші күні ғана жақ ашып еді. «Мынау қалай болар екен...» – деп. «Қалайы қалай?» «Жобаға келмейді...» «Не жоба керек, – дедім. – Өте маңызды оқиға. Бұрын қазақта болмаған он екі том. Бірінші томда – анау, екінші томда – мынау...» «Соның ешқайсы болмай тұр ғой...» –

деген Қабдеш мүлде дағдарып. «Болмағаны қалай? Әкел бері», – дедім. Үстіне көлденең таңба түспеген он төрт беттік мақаланы қолыма ұстата салған. Оқи бастадым... Оқи алмадым. Әуезов сондай, Әуезов мұндай, Партия мен Үкіметтің әкелік қамқорлығы, Әдебиет институты, жетекші ғалымдардың елеулі еңбегі... Соның өзі қиалақ, шиқалақ, мүгедек сөйлемдер арқылы. Түптеп келгенде ештеңе жоқ. Долбармен, шамалап қана түсінуге мүмкін. Мынау қиын болды. Жарамайды деп қайтара салу оп-оңай. Онда Базарбаев емес, Әуезов жапа шекпек. Әуезов емес, бүткіл қазақ руханияты. Халқым тым құрса ұлы жазушының бұрын болмаған шығармалар жинағы басылғалы жатқанынан хабардар болуы керек қой. Мен сол арада, көп ойланбай-ақ «даналық шешім» қабылдадым. Батыс жұрты «Соломоново решение» дейді – Тақ Сүлейменнің өз аузынан шыққандай. «Бастан-аяқ, үстінен емес, жаңадан жазып шығасың» – дедім. «Қалай жазам?» – деген Қабдеш. – Мына он төрт бетте тым құрса бір-екі ілгішек жоқ қой?...» «Бір-екі емес, барлық ілгішек сенің басыңда тұр. Мұхтар Әуезовтің кім екенін білесің. Он екі томдық жинағының шығуы – біздің қазақ халқының рухани өміріндегі елеулі оқиға екеніне таласың жоқ...» «Сонымен бітпейді ғой, – деді Қабдеш. – Мына мақалада тым құрса қай томда қандай шығармалар басылатыны туралы ақпар жоқ...» «Ол оп-оңай, – дедім. – Қазір Мүсілім Базарбаевқа телефон соғасың. Мына номерге. Мән-жайыңды айтқан соң, секретарь қызы жалғастырады. Мақалаңыз жақсы, жаман деп ешқандай сөз айтпайсың. Тек кейбір мәселелерді нақтылау қажет екен. Мәселен, бірінші томда не бар? Екінші томның жағдайы? Үшінші және одан ары. «Абай жолы» қай тұста? Әдеби, сын, зерттеулер де ене ме? Қолыңа қалам, қағазыңды алып отырып, сол арада, телефон бойынша таңбалап аласың...» «Мына данышпан мақаладан соң ес жию оңай емес, ертең таң азаннан хабарласам», – деді Қабдеш. Айтқанындай, ертеңіне ес жиып, бар қажетін түгендеген соң, тағы бір күн буын бекітіп барып, Мұхтар Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының маңыз-мағнасы, құрылымы мен мазмұны туралы мақалаға кірісті. Және қаламы алдындағы таза қағазға жұғысар-жұғыспаста жадырай күліп: «Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің он екі томдық жинағының бас редакторының мақаласын редакциялауға кірісем...» – деген. Шын мәнісінде, әдепкі редакциядан аулақ, бастан-аяқ қайтадан жазып шығып еді. Тек тұтас он төрт бет емес, мәнді, мағналы, бар дерегі толық сегіз бет. Иә, айтпақшы, жұмыс алдында: «Түгелдей қайта жазған қалай болар екен, директорымыз ренжіп жүрмей ме?» – деп еді, әлде шыны, әлде қалжың. «Анада, әлдебір шалағай кандидат емес, толық доктор, профессор, жарты академиктің бұдан да үлкен мақаласын менің қалай талқандағанымды көрдің ғой, бұл да ренжімейді, тек қана алғыс айтуға тиіс», – дедім. Ақыры алғыс айтпады, әрине, реніш те жоқ, сол беті үнсіз қалған. Және өзінің шамасын да байқамаған сияқты. Қарымтасыз қызмет көрсету, бар жазуын басқалардың түзеп беруі – үй қызметшісінің еден сыпырғанындай, заңды, табиғи жағдай деп білген сияқты. Көп ұзамай, жарым жылдан соң, «Жазушы» баспасында әлденендей зерттеу, сын мақалаларының жинағы

талқыланбақ екен. Мені редкеңеске шақырған. Оқығам жоқ, көргем жоқ, бірақ біліп отырмын. Кітап редакторы Жайсаңбек Молдағалиев. Бәрі жып-жылмағай. Кейін бір сұрағанымда, тұтастай дерлік, үстінен жазып шықтым, деген. Не қара көрінді? – деп едім. Жоғарғы жақтың нұсқауы деп ашық айтты. Бұл – Есенберлинге дейін, менің баспа қызметімнен бұрынырақ болған жағдай. Мұхтар Әуезовтің он екі томдығы туралы айту парыз десек, мына кітапты түзеп, жетілдіріп жарияға шығару – міндет емес болатын. Доктор, профессор Ысқақ Дүйсенбаевтың жоғарыдан, тұпа-тура Қонаевтың кеңсесінен түскен жарлық бойынша жоспарға енген жиырма бес баспа табақ кітабын екі рет қайтарып, ақыры бар боқатынан тазарған, жарым көлемде шығарып едім, қайткенде мәйегі бар және сөз саптауы қалыпты болатын. Ал институт директоры, шалағай ғылым кандидатының түкке тұрмайтын шимай-шатпағының жолы бұдан гөрі басқашарак шешілер еді.

Иә, мен үлкендердің осындай, тым құрса сауатты сөйлем құрай алмайтын балдыр-батпағына қайран қалдым және бұлардың қоғамдық көзқарасы ғана емес, әдеби танымы мен ой-жүйесінен мүлде түңілген едім. Енді әдеби сын тарабында кейінгі жастарға көбірек назар салдық. Тіпті, университет филология факультетінің студенттерін тартып едік. Әуел бастан-ақ жақсы қатынастағы Қайрат Жұмағалиевтің: «Менің елеулі жинағым туралы әлдебір студентке жаздырдың» деп өкпе айтқаны бар. Бұл студент – кеше ғана, абитуриент кезінде алдымнан өткен, енді ҚазМУ-дың бірінші курсында ғана оқитын Сағатбек Әшімбаев болатын. Кейін өзі де ұмытып кеткен алғашқы мақаласы.

Нықаң жасаған кеңшілік нәтижесінде бар шаруамыз қалыпқа түскен. Бастапқы бір кезде қазіргі қазақ поэмасы туралы, газеттің жеті-сегіз санына жалғасқан, кең көлемді пікір алысу ұйымдастырған едік. Менің тікелей қолқам бойынша, әуелгі сөзді Әбіш бастап берді. Содан соң ақыны бар, сыншысы бар, танымал әдебиет қайраткерлері араласты. Ғылым Академиясы, Абайтану мәселесіндегі олқылықтар туралы ауыр мақала басылды. Қазақ романдары туралы да риясыз әңгіме көтерілді. Соңғы бір-екі жыл орайында жарыққа шыққан жаңа кітаптарды түгендей бастадық. Газеттің әрбір саны сайын, жалпы көлемі бірыңғай – екі жүз жолдық, яғни мәшіңкеде төрт беттен, шағын, бірақ мазмұнды үш-төрт рецензия беру әдетке айналды. Бұрнағыдай орынсыз мадақ жоқ, сонымен қатар, солақай тоқпақ та ұшыраспайды, әркімнің қазіргі атақ-дәрежесіне қатыссыз, ендігі өлең-жыр, әңгіме, повестерінің әрқилы деңгейі айғақталған, ал жаңаның жақсылығы тоқтаусыз әйгіленді. Мәселен, менің айрықша ықыласымен, бұл кезде өзгеше тұрпатты «Ой орманы» жинағын шығарған Қадырдың атақ-абыройы көтерілді. Сондай-ақ, Жүмекен мен Тұманбай және Мұқағали мадақталып жатты. Кейінде бұлардың бәрі де үлкен дәрежеге жеткенімен, ол кезде Тұманбайдан басқасының танымы мен бағасы әрқилы болатын. Жүмекен жаңа бастаған есепті, Қадыр мен Мұқағали енді ғана кеңінен қанат жайған. Осы, кейінірек аталған үшеуі де ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы мейлінше танымал болды дер едім.

Бұл кезде қаншама жаңа есімдер қосылған қазақ поэзиясының тынысы кеңіді. Насихаты зор, белгілі ақындармен қоса, кейінгі талапкер жастарға да кеңшілік жасалған. Сапасына қарай сұрыптау нәтижесінде. Сондай-ақ, қазақ әңгімесі де қоқыстан біржола тазарды. Мен бұрнада, ешбір баспасөзге жол аша алмай жүргенімде, ағымдағы барлық басылым, оның ішінде талғам, талабы жоғары болуға тиіс әдеби газетте де неше түрлі сауатсыз әңгімелердің өтіп кететініне таңқалар едім. Мен үшін тас қабырға болып тұрған «Қазақ әдебиетінде» әрқилы, тіпті, аты-жөні белгісіз жазармандар да көрініс беретін. Ендігі шағын прозаның жөні басқа. Бөлімде сапалы іріктеу, одан соң бас редактордың өзінің қатаң тезі. Қазір нақты атай алмаймын, деректі суреттеме, яғни очерк пен ол кезде публицистика аталған көсемсөз мақалалар да бұрынғы алақай мен жасандылықтан арылып еді. Қазақ театр сыны да осы кезде дербес, өрелі жанр ретінде қалыптасты.

Әрине, жетіспей жатқанымыз да жоқ емес. Қанша дегенмен, советтік, партиялық тежеу бар. Әдепкі баспасөз цензурасы өз алдына. Алайда, КГБ-ның сөз полициясы Лито-дан гөрі, әр қадамыңды бағып отырған Орталық Комитеттің райы қатқыл. Бас редакторға «ескілік көбейіп кетті» деген, тыйымға жақын нұсқау түсіпті. Ескілігіміз – ең алдымен, мен жазып жатқан ежелгі әдебиет тарихы ғой. Іркілуге тура келді. Бұл кезде менің атаулы монографиям неше бөлшектеніп, әрқилы басылым – ғылыми жинақтар және ағымдағы баспасөзде түгелге жуық жарыққа жеткен. Сондықтан, бұл тыйымнан айтарлықтай зардап шектім деп ойламаймын. Маған қатысты тағы бір «ескілік» – біздің бөлім арқылы өтетін ежелгі билер сөзі, қазақ халқының шешендік мұралары. «Ел аузынан» деген айдармен тізбектеп бере бастап едік. Үлгілі лепес екені өз алдына, газет тиражы, жаңа оқырман тарту үшін қажетті нұсқалар. «Ескілікті дәріптеу» емес. Саяси астары жоқ. Бәрібір жоғарыға ұнамаған. Жоғары болғанда, Орталық Комитеттің идеологиялық хатшысына қарасты мәдениет және үгіт-насихат бөлімдері. Менің қолымда кезек күтіп, қаншама жаңа сөз тұрған. Алдағы жылда бір-екеуі, асса үшеу-төртеуі ғана беріледі. Қалған «Ел аузынан» – тұтас, жуан бір папканы өзіммен ала кеттім; кейінде, партиясыз, цензурасыз еркін заман, «Жұлдызда» отырған жылдарымда біразын журналымда шығардым, одан артылғаны және әуелгі түпнұсқа мәтіндер күні бүгінде Алматыдағы архивімде жатыр. Есебі, ештеңе далада қалған жоқ, қадарынша кәдеге асты.

Бұдан гөрі өкінішті жағдай. Кейінге зардабы тиген қиянат дер едім. Партиялық басшылық, немесе саяси цензура тарабынан емес, өз ішіміз, әлде түсінбестік, әлде керенау тартыншақтық – жеке бір кісі тарабынан туындаған кесел. Бұл күнде менен басқа нақты куәгері қалмапты. Сондықтан ашық айтуды парыз санадым.

1967 жыл, наурызға таман болса керек. Редакцияда газеттің кезекті номеріне дайындалып отырмыз. Кенет Сәкен әлденеге қатты таңырқаған кейіпте: «Мынаң қараңдар, – деген, бір шумақ қағазды жоғары көтеріп. – Болат Сарыбаев деген искусствовед кеше үлкен мақала әкеп беріп еді.

Ғаламат! Қазақта біз білетін қобыз бен домбырадан басқа тағы қаншама музыкалық еспап болыпты. Қиын, қиғаш заманда бәрі де ұмытылған. Енді міне, қайтадан ашылып жатыр... Шертер дей ме, жетіген дей ме, кепшік, дабыл, даңғыра дей ме... біз атын да естімеген қаншама керемет. Білеміз деп жүрген, бірақ ешкім көрмеген сыбызғы мен сырнай. Шаңқобыз (анығы – шыңқобыз, – М.М.), адырна... тағы әлденеше аспап...» Бәріміз бір бөлмеде отырамыз – Рамазан мен Қабдеш елең ете түсті. Мен үшін де біршама тосын әңгіме. «Әкел бері, көрейік», – деген Рамазан ұмсынып. Сәкен қолжазбаны бермеді. Оның есесіне жаңағы, жекелеген аспаптардың кейбірінің сыпаттамасын оқып шыққан. Қайран қаларлық жаңалық. Бұл тарапта менің шет-жағалай, аздаған хабарым бар еді. Ежелгі ақын, жыраулар мұрасын мазмұндық, көркемдік тұрғыдан байыптаған соң, бұлардың шығармашылық тұлғасын, өзіндік ерекшелігін дәйектегем. Бағзыдағы жыраулар көбіне-көп қобызбен толғаған ғой. Ал ақындардың, негізгі аспабы – домбыра. Сонымен қатар, қазақ арасында бұдан басқа да әрқилы, сырлы, сазды аспаптар болған. Патша заманында ертелі-кеш жасаған П.Палластың, И.Георгидің, И.Левшиннің этнографиялық және тарихи еңбектерінде арнай аталып, кейде нақты сыпатталып та жатады. Ал белгілі музыка зерттеушісі А.Эйхгорнның, ол да баяғыда шыққан «Орталық Азия халықтарының музыкалық аспаптар коллекциясы» («Полная коллекция музыкальных инструментов народов Центральной Азии А.Ф.Эйхгорна, СПб – 1885) деген кітабында бұл ерекше дүниелердің біразының дәйекті суреттемесі де бар. Қазақ батырлар жырындағы даңғыра, дабыл, шың – өз алдына. Менің тақырыбымнан тысқары еді. Оқыдым, көңілге түйдім де қойғам. Үйреншікті домбыра, қобызбен ғана шектеліп едім. Одан ары бойламаппын. Тек Палласта ғой деймін, «бетіне тиекті бірнеше ішек тартылған жұқалтаң жәшік» қана есте қалыпты. Мана мақалада «жетіген» аталған екен. Және басқа да ескілікті аспаптардың дерегі айғақты, нақты. Ешқайсы да ойдан шығарылмаған, ай даладан қаусырып әкелмеген, қазақ мұрағатына қатысты тарихи әдебиет негізінде. Сәкеннің әуелгі қызығы басылған соң, қалғанымыз да бастан-аяқ жаңалықты, көлемді мақаланы қолымызға алып, үзік-үзігін оқып көрдік. Мәтін ғана емес, қосымша суреттері бар. Жиыны он бес-он алты аспаптың әрқайсының нақты тұрпаты, қысқаша тарихы мен өзіндік ерекшелігі. Ғажайып, дестік. Сәкен, тезінен қарап, Нықаңа ұсын, дестік. Сәкен сол беті, дайын мақаланы үстінен шолып шығып, қалыптасқан тәртіп бойынша, өзіміздің мәшіңкеші әйелдерге тапсырды. Қайыра басу қажеті – біздің әрбір бет мәтініміз, газеттегі әдепкі шрифт бойынша, елу жол шығуға тиіс. Сәкен қайтадан қарап отырғанда байқадым, тығыз басылған жиырма екі бет енді жиырма жетіге жетіпті. Әдеттен тыс, өте үлкен кесім. Газеттің тұтас бір бетінен асып түседі. Әрине, екіге бөлінбек, бәлкім жалғасы келер санға.

Сонымен, арада үш-төрт күн озды. Газетіміздің кезекті санында көрінбеген. Сәкеннен мән-жайын сұрап едік, Нықаң Ахмет Жұбановқа тапсырыпты деді, қолын сілтеп. Біз де дағдарып қалыппыз. Арада апта өтті. Екі апта. Ақыры, бас редактордың алдына өз бөліміме қатысты

мақаламен барғанда, амалсыздан сөз қозғап едім. Аанадағы, қазақтың ежелгі музыкалық аспаптары туралы мақала – ерекше құнды еңбек; халқымыздың рухани мәдениеті үшін ғана емес, азаматтық тарихы үшін де... Нықаң қысылып қалды. «Редколлегия мүшесі, әрі осы саладағы жетекші маман болғандықтан, қарап шығуға Ахмет Жұбановқа беріп едік. Уақыты келмеді ме, ақсақал кешіктіріп жатыр...» – деген. Сонымен, тағы бірер апта өтті. Айдан асты. Екінші ай орталады.

Бұл заманда, басқасын білмеймін, әдебиет газетінің редакциялық алқасының бедел, қызметі жоғары. Әдетте, ресми бас редактордан өзгесі – сырттағы белгілі кісілер. Айына болмаса да, екі-үш айда бір рет бастарын қосып, ақыл-кеңес, ұсыныс, сын, тілек, пікірлерін тыңдап отыру шарт сияқты. Атаулы жиынға қаратпай, газеттің әлдебір саны шыққанда, немесе, жалпы шығармашылық жұмысқа байланысты, көлденең пікірлерін де айтып тұрады. Қайшы келу, немесе мүлде тыңдамай қою мүмкін емес, өйткені редколлегия – ауа жайылмау жолындағы партиялық бақылаудың бір түрі. Әлбетте, кез келген даулы мақалаға бас редактордың өзі тікелей қол қойса да болады. Кейін көлденең әңгіме шықса, мойнымен көтеріп алмақ. Әйтсе де, сырттағы алпауыттармен ақылдасып отырғанның артығы жоқ. Ал мына ерекше еңбек – Болат Сарыбаевтың мақаласы... бастан-аяқ жаңалық, адам естімеген тың дерекке құрылған. Сондықтан, беделді кісінің алдынан өту – шарт болмаса да, қажетті бір баспалдақ саналған. Шынында да, Ахмет Жұбанов – белгілі музыка маманы, ғалым, композитор, оның үстіне Ғылым Академиясының академигі. Ұлттық мұраға жанкүйер саналады, кейінгі қазақтың жалтақ тілімен айтқанда, «ұлтжанды» қайраткер. Нықаңның көңілінде ешқандай көлеңке жоқ, анау ғажайып мақала бөгеліп қалады деп ойламаған. «Бәрекелді, жөн-ақ!» – деп қабылдарына күмән болмаған. Шартты түрдегі мақұлы ғана керек еді.

Туған халқымның рухани мұраларына тікелей қатысым, бұл тараптағы екпінім мен іждағатым өз алдына, бас редактормен түсіністі, етене жақындығым бар, әуестік емес, ынталы пейілмен, екінші айдың жүзі тоза бастағанда, тағы да сұрау салып едім. Нықаң шынымен дағдарды. Осы кеше ғана хабарластым, сырқаттанып жүр екен, қолы тимей жатқан сияқты, демалысқа, әлде емге бармақ, бір ай, әлде екі-үш ай, осы аралықта жауабын береді... дегені. Мен даусым шыға жаздап, әрең іркілдім. Ал Нықаң менің жеке бір еңбегіме қиянат, немесе асыл бір дүниемді жоғалтқандай, тұқыра қызарып отыр... Сонымен, не керек, арада алты-жеті ай өтті. Жиыны жеті-сегіз ай. Ахмет Жұбанов асқазанына ауыр операция жасатыпты. Енді ғана оңала бастағандай. Бұл екі ортада мен газет редакциясынан кетіп, баспаға орнықсам керек. Ақыры бір күні, әлдеқалай шаруамен алдына барғанда Нықаң жұлым-жұлым болмаса да, әбден тозған жуан қолжазбаны көрсетті. Бастан-аяқ сыпыра сызылған екен. Жинақтап келгенде, бес-алты беті ғана қалыпты: небәрі екі аспап, біреуі – кепшік, екіншісі, нақты есімде жоқ – әлде сырнай, әлде сыбызғы... Ішім суып, түңіліп кетіп едім. «Енді қайтып ала алмаймыз, әзірше осы қалпында басылады...» – деген Нықаң. Арада апта өтпей

жарыққа шықты. Әуелгі, қазақ мәдениеті үшін айрықша қажетті, жаңалықты мақаланың жұқанасы да емес, әлденендей бір жетім пұшпағы. Міне, осындай сұмдық болып еді. Күмән келтірген кісі «Қазақ әдебиеті» газетінің 1967 жылдың күзі, әлде қысқа қарайғы ескілікті бір санынан тауып алуына болады. Ешқайда кеткен жоқ, сол қалпында, өшпес таңбасымен тұр. Кейінгі шалағай зерттеушілер мен жүйрік журналистер Болат Сарыбаевты ескілікті қазақ аспаптарын іздестіріп табуға осы үлкен кісі бағыттаған екен, бата беріп, жол сілтепті деп жазып жүр. Керісінше, құрметті ақсақал бүткіл ұлт үшін мән-маңызы зор, игілікті іске ең алғашқы болып кедергі келтіріп еді. Міне, біздің көбіміз көзбен көрген кейінгі тарихымыз осындай жалған деректерге құрылып жатыр.

Егер, деймін, Болат Сарыбаевтың сол ғажайып мақаласы сол кезде, барлық суреттерімен, толық қалпында «Қазақ әдебиеті» газетінде басыла қалса, оның да әсері, менің ілкідегі аруақты жырауларым сияқты, мүлде басқаша болар еді. Міне, осы, Қазақ жұртының отыз бес жыл бұрынғы жаппай голодомор – адамзат тарихында болмаған аяусыз геноцидтен соң әжептәуір ес жиған, жиырма бес жыл бұрынғы әлемдік соғыс – қызыл қырғынның ауыр жарасы қотырлана бастаған, ұлттың санасы ашық жаңа бір толқыны бас көтерген заманда, мұндай ерекше рухани жаңалықты жалпы жұрт қолдап, әспеттеп әкететін еді. Рас, бұдан кейін өзгеше бағдар біржола мансұқ қалған жоқ. Болат Сарыбаев мына бізден мүлде басқаша, тек өзі ғана, мыңмен жалғыз алысқан ізгі, жанкешті күресін одан әрі жалғастыра берді. Жалпы жұрт қолдаған қуатты толқын емес, жекелеген жақшылары ғана бар әредік ереуіл. Ақыры... Болат Сарыбаевтың қазақ саз аспаптарына арналған докторлық диссертациясын құлатып тындық. Бұдан соң ескілікті аспаптар музейін ұйымдастыру кезінде ең соңғы, өлесі соққы берілді. Сол кездегі құзіретті шенеунік, өзін ұлт мәдениетінің төресі санаған, астамшылығы тұла бойынан әлдеқайда биік Өзбекәлі Жәнібековтің қолымен. Ғұмыр бойы ұлт үшін атқарған барлық игі жұмысы тығырыққа ұшыраған Болат Сарыбаев бір-ақ күні, қысылшаң сағатта опырыла құлапты.

Қазақ руханиятының XX ғасырдағы ең ұлы тұлғаларының бірі саналуға тиіс Болат Сарыбаев тұнық зерде, тынымсыз еңбекпен қайта тірілген ұзын саны отызға тарта қазақ саз аспаптарының біразы қазірде жалпы жұртқа мағлұм. Бөкеннің өзі бастап құрған «Отырар сазы» ұлттық оркестрінен соң, түгел болмаса да кейбірі қайтадан қатарға қосылып, әрқилы, үлкенді-кішілі ансамбльдер құрамында көпшілік алдына шығып жүр. Көлденең көзге әуелден-ақ қатарда тұрғандай. Шынында да, тезінен қабылданды, қолма-қол етене болып кетті. Енді алдағы заманда Құрманғазы атындағы және басқа да ұлттық үлкен оркестрлер бастан-аяқ қайта түрленуге тиіс. Болат Сарыбаевтың ерлік өмірі, ауыр тағдыры туралы қаншама деректі зерттеу, толғамалы роман, хикаяттар жазылмақ. Осының бәрі – ұлттың ұлы тұлғасы, жаңашыл, ғұлама оқымысты Болат Сарыбаевтың мәңгілік салтанатының басы ғана.

«Қазақ әдебиеті» газетінде жүргенде өзім тікелей куә болған өкінішті жағдаяттан шығып кетті. Анығы – Болат Сарыбаев туралы бұдан жиырма

жыл бұрын жазылмақ мақаланың бір үзгіі. Әуелде мұршамыз келмеген, кейінде барлық қажетті материалдар алыста қалыпты. Енді орайына қарай, негізгі бір қыжылымыз сыртқа шығып отыр. Қазақта, жалпы кез келген діндар қауымда «құдай кешірсін», «шын тілесе, құдай тағала қандай күнәні де кешіреді» деген сөз бар, ал менің ұғымымда, саналы түрде ғана емес, түсінбестікпен ұлтқа қарсы, оның руханияты мен мәдениетіне қарсы жасалған зорлық пен қылмыстың ешқайсы да кешірілмеуге тиіс, адам ұмытар, аруақ ұмытпайды...

Мана айтқанымдай, Нығмет Ғабдуллиннің басшылығындағы редакция ұжымы – ірікті таңдама, болашақта қазақ әдебиетінің үлкен жүгін көтерген, тиісінше атақ, абыройға жеткен жігіттер. Өзара өте тату болдық. Әрине, көркем сөз төңірегінде әрқилы ұғым, түсінік бар, кейде пікірлесіп, дауласып та жатамыз, алайда дүниетанымда кереғар алшақтық жоқ еді. Біздің толқын – Сайын, Сәкен, Рамазан, Қабдеш және өзім туралы айтып отырмын. Жауапты хатшы, ұғымы да, жазуы мен мінезі де бәрімізден бөлекше Ғаббастың жөнін жеткіздім. Қалған жігіттермен бөтендік жоқ. Өнер бөліміндегі Қажықұмар – жазуы жетік, киім киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзіне дейін кірпияз, таза жігіт; әуелде драма театрында актер болған, енді театр сыншысы, және кейіннен байыптағанымдай, қазақта осы жанрдың негізін салушы. Поэзия бөлімі – кезінде өте жақсы көтерілген, тамаша лирик, әрі шебер аудармашы Ізтай ақын бұл кезде барынан түгелге жуық айрылған, мүлде сүлесок, көбіне өзімен өзі, жығылып жатпаса да, тынымсыз ішімдік біржола жеңе бастаған, әйткенмен, Нықаңнан бастап, бәріміз де Ізаға деп сыйлаймыз.

Бұл – жаңа бастаған кезіміз. Көп ұзамай, осындай береке-бірлікке сызат түсті. Арамыз мүлде ашылмағанмен, әжептәуір салқындық туып еді. Бұл ахуалдың күнәкары болмасам да, негізгі себептері менен шыққан. Нықаң, әрине, газеттің бағыт-бағдары, бет-бейнесін айқындайтын әдебиет мәселелеріне ерекше мән береді. Бұл тараптағы жұмысымыз да жаман емес. Алайда, бір жолғы лездемеде Нықаң, сауатты сын бар, бірақ осының бәрі де танымдық тұрғыдағы насихат қана, бізге азулы сын керек, деп қалып еді. Мен тікелей өз атыма қабылдадым. Лездемеден соң бөгеліп барып: «Нықа, өзіңіз айтқандай, азулы сын тапсам, газетке басасыз ба?» – деп, төтесінен қойып едім. «Мәселен, қандай?» – деп сұрады. «Айталық, Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы. Басталуы тәуір еді, сол бірінші кітаптың өзінде божырады, екіншісі созалаңдап, соңғы кітапта мүлде сұйылып кетті, – дедім. – Осыған келісесіз бе?» «Иә, тым шұбалаң... Жалған пафос, революция ұраны, совет өкіметін насихаттау жөнімен, көптеген жасандылыққа ұрынған», – деді Нықаң. «Ал осыған қарамастан, – дедім мен күш алып, – қазір кенеусіз мадақталып жатыр. Арыда «Тынық Донға», беріде «Абай жолына» жақындатып қойды. Осы бетімен кете берсе, қазақ прозасында не күн қалады?» «Айт, айт...» – деді бас редакторым. «Айтсам, мен бұдан бес жыл бұрын, университеттің төртінші курсында, әуелгі екі томы туралы ауыр мақала жазып едім. «Жұлдызға» ұсындым. Бұл жерге жаңа ғана келген Зейнолла Серікқалиев үстінен қарап, біраз жұмсартып, бас редактор Жұбан Молдағалиевтің

алдына тартты. Бірақ Жұбақаң тоқтау салған. Енді осы, әжептәуір көлемді мақалаға кейінгі үшінші томды кіріктіріп, толығымен жазып әкелсем, қайтер еді?» Нықаң аз-маз бөгеліп қалды. «Жазып әкел, содан соң көрейік», – деген. «Олай болмайды, – дедім. – Өзіңіз де айтып отырсыз, бұл «Ақ Жайық» әлсіз шығарма деп. Ендеше, әдеби газет бетінде неге ашып айтпасқа?! Басылады деп уәде берсеңіз ғана уақытымды бөліп, қайыра жазамын...» Нықаң маған еңселене қарады да, жадырап күлді. «Жаз, міндетті түрде жолын ашамыз», – деген.

Мен сол беті, атаулы трилогияны қайтадан, үстірт шолып шығып, үшінші кітапқа қатысты жаңа толғамдар үстіне, мақаланы тұтасымен қайыра пысықтап, қажетті деңгейіне жеткіздім: редакциядағы мәшінкеге бастырып, тағы бір күн бөгелдім. Газет өлшемімен алғанда, өте үлкен, жиырма беттік мақала айналасы бір аптада дайын болып еді. Сол қалпында бас редакторымның алдына тарттым.

Нықаң тезінен оқып шықты. Бірақ сол күні емес, ертеңіне шақырған. «Бәрі жөн, – деген, ризашылығын жасыра алмай. – Әйткенмен, бір-екі жерде жұмсартсақ...» Міне, міне... деп, нақты нұсқаған. «Нықа, – дедім. – Осы бір, екі емес, тағы бес-алты, оншақты жерін жұмсартсақ та ешкімге жакпаймыз...» Менің бастығыммен еркін сөйлесіп отыруым – әдепкі жағдай болатын. Нықаң менің бар болмысымды бірден танығандай, әуелден-ақ беделім жоғары, оның үстіне мен келгеннен бергі бес ай, оның ішінде тікелей қатынастағы азғана уақыт ішінде айнымас түсіністік тапқанбыз. Нықаң бөгеліп барып: «Әйткенмен байқап көрші...» – деп еді. Онда менің қолым бармас, өзіңіз жұмсартыңыз, сол қалпы басылып кетсе, қарсылығым жоқ, дедім. Нықаң осы арада мақаланың орта тұсындағы бірер сөйлемді жұқартып, соңына таманғы тағы жарым сөйлем, тіркестерді қысқартты. Мінеки, деп оқып берген. Енді мен күлдім: «Жарар, Нықа, рахмет...» Бас редактор өзінің қашанғы әдетінше, мақала беттерін ортан белінен төменірек тұста, бастапқы бланк таңбасы мен типографияға қажетті белгі, деректерін ашық қалдырып, екіге бүктеді де, ең соңғы парақтың таза сыртына қол қойды. Содан соң қоңыраулатып, жауапты хатшы Ғаббас Жұмабаевты шақырды да, атаулы мақаланы қолына ұстатты. «Газеттің келесі санына», – деген.

Жауапты хатшы, тәрізі бұрын-соңды болмаған әлденеше беттік қалың қолжазбаны, көсеу ұстағандай, долбарлай тұтып, жоғарғы, ашық тұсына көз салып еді. «Ақ Жайық» трилогиясы туралы» деген қосымша тақырыбынан шошып кеткендей, азғана бөгеліп барып, маған түйіле қарады да, қалт бұрылып, ауыр басып шығып кетті. Нықаң орнынан тұрып, менің қолымды алды. «Жақсы жазыпсың, – деген. – Өткенде журналға басылып кетсе, ең алдымен авторына пайда болады екен. Қажетті түзетулері өз алдына, соңғы кітапта мұншама арзандамас еді...»

Менің бұл ауыр мақалаға қайтып оралуым – тек бас редактордың азусыз сын бөлімі туралы ескертпесінен ғана емес-ті. Кейін өзіміз де басшы қызметке жеттік, ең негізгісі – пәленбай деген атағымыз бар, ендігіде не болып жатқанын білмеймін, ал жаңа бастаған кезде байқағаным – біздің жазарман жұрттың астамшылығы шексіз екен.

Тиесілі жұмысыңды атқарып, тыныш қана отырасың. Бір кезде әлдебір, орта дәрежелі ақын, прозашы, сыншы үстіңе кіреді. Ешқандай кіріспе жоқ, «Осы сен кімсің? – дейді. – Қайдан келдің, кім отырғызды? Неменеге шалқақтап жүрсің?» Бір емес, әлденеше қайталанған жағдай. Әуелде таңырқап едім, кейінірек ашуландым, ақыр соңында күлетін болдым. Шар етіп ұрыспағанмен, әрқилы, тиесілі жауабын бересің. Қысқаша ғана. «Білмесеңіз – білесіз...» – деген тұрғыда. Білу үшін аңдап қараса керек. «Е-е, әр жерден құрап-сұрап алған жазуың бар екен ғой...» – «Жоқ, бүгінгіден басқа, бұдан жүз жыл бұрын, екі жүз, үш жүз жыл бұрын тасқа басылған еңбектерім де бар. Архивтен іздесеңіз тауып аласыз...» Бірер айдан соң қарсы сауал: «Өзіңіз кім боласыз? Аты-жөніңіз кім?» Екі-үш ай өтті. Танылып қалған сияқтымыз. Арғы-бергі дүниелерім әр тарапта жарияланып жатыр. Негізінен әдебиет тарихы. Содан соң, бейбіт тұрғыдағы сын мақалалар. Ендігі соқтығыс сенің кім екеніңді анықтау тұрғысында емес. Реніш, өкпе, доңайбат. Қайткенде ықтырып қою. Алдағы күндерде қорқып отыруым үшін. Өз жазуымнан тыс, бөлім арқылы өткен материалдар. Мақталған мақалада – «жеріне жеткізбепсің...» «Анау бір ескертпелерің қисынға келмейді». «Әне біреу – сендер көтергендей ақын емес...» Бәрі де дұр. Өткенде Қапекен айтқандай, бәрі де классик, сондықтан кеуделеп келеді. Сөйтсем, менің ежелгі жырауларды аштым, әдебиеттің арғы тарихын айқындадым деп жүрген еңбегімнің құны көк тиын... Ендеше, ақсиган азу тісінді көрсету керек екен. Бұрыннан бар тіс. Тек даулы еңбегімді артық шырғалаңсыз, аман-есен өткізіп алайын деген далбасамен жүріппін. Міне, тілегенің осы болса. Біздің жабайы ортада сені бағалау үшін, бағалау емес, түзу амандық, әдепкі сыйластық үшін... сенен именуі керек екен. Нықанның газет бетінде әділ, бірақ қатқыл сын керегі туралы ескертпесі осы, менің көңілімдегі ылайы кезеңге тап болған. Онда көрсетейік, қандай сыншы екенімізді. Біржола қорғамай кетсек те, мына кемшін, қорлық жағдайға төзу мүмкін емес еді. Сөйтіп, іштегі ыза лықсып сыртқа шықты. Баяғыда жазылған, бұғып жатқан мақаланың қайта көтерілуі – әдебиет мүддесі ғана емес, осы реніш, соған сай астам мінездің әуелгі бір толқыны болатын.

Атаққа жетіп тұрған трилогияны қирата талқандайтын мақала, Нықаң айтқандай, газеттің кезекті санына шығуға тиіс еді. Екі-үш күннен соң. Алайда, оған жете алмадық. Әлде Ғаббас Жұмабаев, әлде тіміскі басқа біреу бықсытты, – қарсы бетте ойбай-аттан көтерілген. Маған ежелгі әдебиет тарихынан қайшы, енді арқыраған ашуға мінген академик Қажым Жұмалиев, ақын әрі сыншы Сағынғали Сейітов, және тағы да, алғы лектегі жеті-сегіз ызалы жазарман қостаған бір топ кісі Жазушылар одағының жаңа келіп жатқан басшысы Әди Шәріповтың алдына барыпты. Сондай да сондай сұмдық. Келмеске кеткен баяғы заман рухындағы жалақорлық; атақты жазушының ғажайып романын жоққа шығарған тұрпайы мақала жазылыпты, енді жарияланбақ... Жаңа жұмысына анықтап кіріспеген Әди Шәріпов не айтарын білмейді. Ақыры, басынан талай дауды өткерген кәрі тарлан, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас

редакторын шақырып, істің мән-жайына жетпегенімен, аталмыш мақаланы сұратыпты. Арада екі күн өтпей, өз байламын білдіреді. Мен басындар деп те, баспандар деп те айта алмаймын. Редакциялық кеңесте өздерің шешіндер, дейді. Амалсыз ғана емес, ақылды байлам дер едім. Оқыды, көрді, артық-ауыс ештеңе жоқ, барлығы нақты, дәлелді, мәдениетті, әдеби талдау. Әйткенмен, жариялай беріңіздер деп нұсқай алмайды. Онда келмей жатып дауға қалмақ. Сондықтан бас редактордың еркіне салған. Бас редактор да емес, редколлегия сарабына. Енді бұдан арғы мәселе мүлде теріске кетуі мүмкін. Айтқанымыздай, ол кезде редакция алқасының беделі зор. Сырттағы белгілі жазушы, қайраткерлер. Яғни, көпшілігі көсем ғана емес, кертартпа қауым. Алай да, былай да бұрып жіберуі кәдік. Нықаң бұл арада азғана маневр жасады. Ғұзырлы алқада емес, редакцияның өз іші, яғни газет қызметкерлерінің талқысынан өткізбек.

Сөйтіп, екі-үш күн ішінде пәлелі мақаланы өзіміздің жігіттер түгелдей оқып шықты. Атаулы кеңеске жиналды. Менің қауібім жоққа жақын еді, Нықаң да басқаша ойламаса керек, бірақ жеме-жемде редакция пікірі қақ жарылды. Шындығында, бел ортадан емес. Көпшілік жігіттер ашық қарсылық танытқан.

Алдымен белсеніп шыққан Ғаббас Жұмабаев бұл – жалақорлық деп түйіндеген. Мұндай солақай, теріс мақаланы басуға болмайды, редакторға сөз келеді, газеттің беделі түседі, деген. Жүйкем жұқарып отырған мен: «Мүмкін, газеттің беделі көтерілетін шығар...» – деген реплика тастадым. Ұтымдысы – сабыр сақтау керек еді.

Екінші болып Ізтай Мәмбетов сөйледі. Мен туралы: «Әдебиеттен аулақ, ай далада жүрген әлдебір адам, үлкен жазушы туралы осыншама ғайбат айтуға бола ма?!...» – деген. Мен айтар сөзімді артқа іркіп едім.

Бұдан соң Сәкен сөйледі. Мені күмәнсіз жақтайды деген кісім. «Ешқандай дауым жоқ, айтып отырғанының бәрі дұрыс. Трилогияның бар кемшілігін қолмен қойғандай, нақты көрсеткен...» Осыдан соң мүлде кері салды. «Роман авторы Хамза Есенжанов үлкен жазушы ғой, сондықтан мұндай жойымпаз мақаланы жарыққа шығару қате болады, мен қарсымын», – деді.

Қажықұмар Қуандықов қашанғы әдетінше сыпайы. «Мен мақаланы оқып шықтым. Солақай сынның үлгісі емес. Әдебиетте, өнерде шығармашылық еркіндік, пікір алмасу деген бар. Мұндай мақаланы басуға да, баспауға да болады. Айтарлықтай қажеттілік жоқ. Алайда, басыла қалса қарсы жауап келмек, оны да ұстамайық. Бәлкім, бұл мақаланың аяғы үлкен диспутқа ұласар. Онда тіпті жақсы. Шын ақиқатқа жол ашамыз...» – деген. (Осы жарым-жартылай мақұлы үшін кейінірек, «Жазушы» баспасына барғаннан соң, қазақ театрына қатысты көлемді кітабын шығарып беріп едім, бүткіл ғұмырын жинақтаған алғашқы еңбегі және ең соңғы мұрасы болып шықты, қырықты орталаған кемел жасында, көп ұзамай дүниеден өтті; күні кеше Әшірбек Сығаев көтеріп, қалыптастырған қазақ театр сынының негізін салушы елеулі тұлға деп бағалаймын.)

Манадан дегбірсіз отырған Рамазан: қандай жазушы туралы айтсақта, біздің газетте әділ сын болуы шарт деген тұрғыда сөйледі. Мақала жазылмау керек еді, енді, жазылған соң, шығармай жатсақ, сыншымызға да, газетімізге де артық айып тағылмақ, Нықа, бұл мақаланы қайткенде басып шығарыңыз, деген. Қабдеш бұл кезде кейінгі атағына да, салмағына да жетпеген, ана жақтан қажып қайтып, әлі өзінің орнын таба қоймаған кезі, сыпайы сөйлеп, «Осы уақытқа дейін сын бөлімі дайындаған мақаланың кейін қайтқаны жоқ, басу керек», – деді.

Нықаң не ары, не бері бұрмай, сабыр сақтап отырған. Ақыры маған сөз берді. Жауапты хатшыны жалғыз ауыз репликамен тоқтаттым деп білем, қайрыла соқпадым. Ізтайдан бастағам. «Ізаға, бұл мақаланы ғайбат дедіңіз, оң болар, теріс болар, кәдімгі әдеби сын. Келіспесеңіз, жала жаппай, нақты пікір айту керек еді. Мені далада жүрген бейсауат біреу дедіңіз, кім болсам да, осылай қарай келе жатырмын. Ал Ізағанның өзі бүгінгі әдебиетте бар ма екен? Өзіңіз айтқан айдалаға кетіп қалдыңыз ғой, бұдан бірнеше жыл бұрын!..» – деп едім, құнжиып отырған кісім оқыс күжірейді: «Осы сөзің үшін мен сенің мұрныңды бұзам!» – деген. «Анау мұрныңызды мен бұзғам жоқ, – дедім. – Шынында да, мұрныңың ұшы қотыраш, үстіңгі ерні де ісіңкі жарақат еді. – Ақмағамбет сабаз аман болса, әлі талай рет мұрныңыз бұзылады...» Ізтай сол булыққан қалпы үндей алмай қалып еді, Нықаң маған ескерту жасады. «Мұхтар, Ізағанның жасы үлкен, бәріміз сыйлаймыз, сен де әдептен аспа, – деді. – Ізаға, сенікі де артық, ақсақал адам бұлай айтпайды, – деді. – Қайткенде, әдеби талқы, бұл арада артық сөзге орын жоқ», – деген. Мен көпшіліктен кешірім сұрадым да, ары қарай жалғастым. «Сәкен ағам менің мақаламнан даулы, қисық-қыңыр пікір көрмедім, бастан-аяқ әділ, жөн сөз деді. Рас қой. Ал басқа кітабы жоқ Есенжановтың бар жазғаны осы болса, бұл кісіңіз қалайша үлкен жазушы саналмақ? Сәкен аға, сен жұрттан озып, мені толық қолдап шықтың, ақиқаттан аумағаның үшін көп рақмет», – дедім. Сөз соңында бұл мақаланың бұдан бес жыл бұрын жазылғанын, сыншыл мазмұны үшін «Жұлдызға» өтпегенін, осы жолы кейінде шыққан үшінші кітап жайы ғана қосылғанын айтсам керек.

Қорытынды сөзінде Нықаң көп созбады. Көркем шығармаға әрқилы көзқарас болуы заңды. Оның ішінде әдеби сынның жайы тіпті қиын. Мақала, артық-ауысы болар, бірақ дәлелді, шынайы жазылған. Жазушылар одағы соңғы шешімін өзімізге қалдырып отыр. Көпшілігің мақұлдап жатырсыңдар. Рамазанның сөзіне тоқтайық, деді күліп. Мұндай жауапты мақала жазылмау керек еді. Енді, жазылып қалған соң жарияламай болмас. Сонымен қатар, жаңа Қажықұмар айтқандай, бұл тарапта басқадай, тіпті кереғар пікір шыға қалса, газет бетінде кеңінен орын беріледі. Соңғы сөзіміз осы, – деген.

Күн сәрсенбі еді. Қазақтың сәтті күні. Ертеңіне Нықаң осыдан оншақты күн бұрын жауапты хатшыдан өзіне оралған мақаланы тағы да пысықтады. Екеуара отырып қараған едік. Және бірер жеріне қол тиді. Содан соң жауапты хатшыны шақырып алып, қайыра нұсқау берген. «Ертеңгі номерге салынсын!» Ғаббас шығып кеткен соң, кешегі жиынға

ма, бүгінгі, өзіне сынай, маған түксие қараған жауапты хатшыға ма, ренішін жасыра алмай, басын шайқады. Мен де ештеңе айтқам жоқ. Ізтай мен Ғаббасты қойшы, қатарласқа жақын, қаламгерлік түйсігі мол Сәкенге әлі де таңырқап отырғам. Нықаң маған қарап жылы шырай танытты да, сыртқа шығуға ыңғайланды. «Бір жарым сағаттан соң келем», – деген. Бұл – таңертеңгі онның шамасы еді. Бейсенбі. Дау-дамайлы, үлкен мақалам ертең, жұма күнгі газетте шығуға тиіс. Енді ешкім тоқтата алмастай.

Бір жарым сағат өтті. Екі сағат... Сол кезде әлдеқайдан шұғыл телефон соғылған. Нығмет Ғабдуллин ауыр аварияға ұшырапты. Жаңа ғана Фурманов-Пастердегі Әскери госпитальға жеткізген көрінеді. Сәкен, Қабдеш, Рамазан – бір тобымыз тұра ұмтылды. Госпитальдың кіре беріс далаңында тұрған Мағрипа жеңгейді көріп едік. Өңі қашқан, көз ұштығында жарым тамшы жас бар. Сол қалпының өзінде нәзік бітімі мен үлбіреген ажары айқындала түскендей. «Аман, аман, – деді біздің ентелеген сауалымызды күтпестен. – Тек жарақатының жайы белгісіз...» Дәп осы кезде, тәрізі, қабылдау бөлімінен атаулы палатаға қарай апара жатқан Нықаңның өзін де көрдік. Зембіл арбада шалқасынан жатыр, сол жақ бетін, мұрын үстінен, көзіне дейін ақ мақтамен бастырып қойған. Жеңгей бұрынырақ жүздескен сияқты, біз де жақындап келіп едік. «Қатты тиді, – деді сәл ауырсыған, әдепкі даусымен. – Көзім... аман болса игі еді. Қалғаны әншейін...»

Артынан естідік, аталас ағайын, бірге өскен досы Айқын Нұрқатовтың жылы өткерілген екен. Ауылдан шешесі, туған қарындасы, тағы бір-екі кісі келген. Соларды вокзалға шығарып бара жатқанда, жол ережесін бұзған көлденең машинаға соғылыпты. Бәрі де аман, әйткенмен, Айқынның шешесі, әлде қарындасының қолы сыныпты да, алда қамсыз отырған Нықаң қатты жарақаттанған. Әйтеуір, қауіп еткен көзі бүтін; есесіне, мыйы шайқалғаны өз алдына, кеңсірігіне әжептәуір зақым келген екен. Әдемі қыр мұрын болатын. Ендігі жерде сол әсемдік бұзылды, бейсауат жұртқа табиғи көрінгенімен, біз жақсы білеміз, қыры кетіліп, аздап басылыңқы қалыпқа түсіп еді.

Нықаң Әскери госпитальда үш аптадай жатып, тыныс үшін Министрлер Советінің таудағы демалыс жайына шықты. Екі-үш күннен соң арнап барып едім. Сәлем беру, оңалған жүзін көріп, ықылас білдіру, сонымен қатар, аса маңызды шаруам бар.

Нықаң көлденең аварияға ұшырар алдында, небәрі бірер сағат қана бұрын қол қойып, ертеңгі номерге бағыттаған, тіпті, макеттегі орнына дейін сызылып тұрған мақала сол қалпында ауада асылып қалған. Тобымызбен госпитальға барып, Нықаңның амандығын біліп қайтқан соң, жауапты хатшы Ғаббас Жұмабаевқа кіріп едім. Ана жаққа бізбен бірге барған да шығар, бірақ мен үшін құнсыз кісі, есімде жоқ. Қайткенде «Ақ Жайықтың» макетке толымды түсуін қадағалауым керек еді. Мен кірген бетте, көзі сығырайып, қабағы салбырап, ісінген еріндері әрең ашылып, долыра қарады да: «Мә!.. – деп, кеудеден итергендей, мақаламның қолжазбасын ұстата салды. – Мұндай былғаныш, жікшіл, жалақор

мақаланы баса алмаймын!» – деген зілденіп. Мен таңырқамадым. Түркейпіне, маған деген теріс пиғылына. Әйткенмен, күтпеген жағдай. «Мақаланы басатын сіз емес! – дедім. – Бас редактор қол қойды, макетке салынды, және өзіңізге атап айтылды!». «Жоқ!.. – деген Ғаббас Жұмабаев одан әрмен долырып. – Жібермеймін! Далаға тастай алмай жүрген жаным жоқ!» «Сіздің тіршілігіңізге мүлде қатыссыз, – дедім. – Сыныққа сылтау іздемеңіз. Жазған – мен, қол қойған – Нығмет Ғабдуллин. Жаңа ғана көрдік, аман-есен, енді оншақты күнде қайтып келеді...» «Онда келген кезінде өзі бассын. Ал мен мұндай сұмдыққа жол бере алмаймын!» Бұл Ғаббас Жұмабаев соншама ақымақ емес. Қажетті тіршілік есебін жақсы біледі. Ал дәп осы ретте өзінше әділдік іздеп те тұрған жоқ. Мақсат – әлдекімдерге жақсы атты көріну, және, ең бастысы – реті келіп қалған соң мені мұқату. Газеттегі, бас редактор алдындағы абыройын да аяққа салып отыр. Өзінше айнымас шешім. Өйткені... бас редактор қайтып оңалмас, оңалса да, мына қызметінен кетуге мәжбүр болар деген арам пиғыл бар... Осыдан соң, макетте екі бөлінгенімен, жиыны тұтас бір бетті қамтитын менің мақаламның орнына басқа бір сыни дүниелер беруім керегін айтқан. Бұл мақала болмайды деп кеше тоқтатсаңыз, ендігі дайындап қоятын едім, қазір ештеңе жоқ, ертең түстен кейін болсын, дедім. Жауапты хатшым қолын қысқа сілтеп, теріс айналып кеткен. Содан соң бүгінгі жалғыз бастық, өз өкімін танытқандай, есігін ашып, мәшінкеші, әрі хатшы Әмина апайға Сәкен, Қажықұмар, Рамазандарды шақыртқан еді. Ендігі жарым-жарты сағатта тұтас бір бетті тығындау оңай емес.

Осымен бар әңгіме біткен. Қайткенде Нықаңның амандығы, жай ғана амандық емес, зардап шекпеген денсаулығы бірінші орында. Сонымен қатар, мен күмәнді, аса бір қолайсыз жағдайда қалған едім. Бұл кезде Одақта, әдебиетші қауым арасында дүмбілез әңгіме шыққан. Атағы көтеріліп бара жатқан Хамза Есенжановты тежеу үшін Ғабит Мүсірепов ұйымдастырыпты. Өзі бас редактор етіп отырғызған Нығмет Ғабдуллинге арнайы тапсырма береді. Анау, ол да жаңадан келген Мұхтар Мағауин деген қанша бұзақор болса да, үлкен жазушыны сынауға батпас еді. Мәжбүр қылған. Жоқ, бұл балаға қатысы аз, соның атынан басқалар жазған, Нығмет Ғабдуллиннің өзі және тағы біреулер... Осындай дақпырт. Қайткенде, атаулы мақала жарыққа жетуі керек еді. Айқын, нақты әдеби сын, оқыған жұрт қатаң болса да, әділ талқы екенін көруге тиіс. Ал басылмай қалса... Іске аспаған жалалы әрекет ретінде ғана бағаланбақ. Бұл кезде менің Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті негіздеген диссертациямның жағдайы да көмескі. Енді біржола теріске айналуы мүмкін. Қалай тартсаңыз да мына мақала газет бетіне шығуы шарт!..

Нықаңның өңі түзу екен. Тек бозарып, жүдеп қалыпты. Кеңсірігі сәлпәл басылып, сұлу жүзіне көлеңке түсіпті. Және ауыр жаракат зардабынан біржола айығып кетпегені байқалады. Әйтеуір бар қатер артта, енді күн озған сайын оңала бермегі күмәнсіз. Мен жігіттердің сәлемін, игі тілеуін айттым. Иә, госпитальға келгендерінді білем, бірақ ашық, жалғыз көзім бұлдырап, санам тұманытып жатқам, сөздерінді естідім, тек кімнің кім екенін нақты ажырата алмаған сияқтымын, деді.

Екеуіміз де күліп алдық енді бәрі де жақсы болады, дедім, шын тілекпен. Тезінен ортамызға келіңіз. Газет... қалай шығып жатыр? – деген. Өзіңіз жоқта үш номерін өткердік. Бәрі де орнында сияқты. Бүлінген ештеңе жоқ, – деп барып күмілжіп қалып едім. Нықаң әлденеден секем алғандай: «Ешбір дабырасын естімедім, анау мақалаң шықты ма?» – деген. Мен қысқаша сөйлеп, барлық мән-мәнісін жайып салдым. Сөздің түйіні: қол қойылып, макетке түскен мақаланы Ғаббас ұстап қалды. Енді мен екі оттың ортасында тұрмын... Нықаң сәл бөгеліп барып: «Бүгін күн кешкіріп кетті, – деген. – Ертең сәскеге Ғаббасты шақыртам. Газеттің мен жоқтағы сандарын ала келуі керек. Содан соң, сенің мақалаң туралы... Мұндай болмайды!» «Рақмет, Нықа, – дедім. – Тағы бір кілтипан бар. Бұл кісіміз макетке кем салып, жеме-жемде баспаханадан қысқартып қалуы мүмкін...» «Оны да ескертіп қоямын...»

Ризашылықпен есендік айтыстық. Май мейрамынан соңғы алғашқы жұмыс күні – 3 май, сейсенбі болатын. Менің дау-дамайлы, дабыралы мақаламның тағдыры ертең – сәрсенбі күні шешіледі. Бейсенбіде макетке түспек...

Межелі күні таңертең, газет өлшемімен алғанда аса үлкен. Ортасынан асыра қайыра бүктеліп, сыртында бас редактордың бұрнағы қолы тұрған мақаланы, ешбір сөз айтпастан, Ғаббас Жұмабаевтың алдына қойдым. Қалың қабағының астынан түйіле қараған да, тұқшиып отыра берген. Түстен кейін қайта кіріп, газеттің келесі санының сызба макетін тексердім. Қатарлас, бұрнағы орынбасар столының үстінде ашық жатқан қалпынан. Амал жоқ, өткендегі жобасымен қайта салыпты. Бәрі жөн. Әйткенмен: «Ғабеке, елу-алпыс жолы кеміс сияқты», – дедім. Көріп тұрмын, толық. Менікі сақтық және ептеп қыжырту. «Жоқ, кеңінен салынды», – деген. «Онда мені бүгінгі кезекшілік жұмысқа қосыңыз. Онсыз да барып, мақаламды гранкадан тексеріп қарауым керек, – дедім. – Егер жетпей жатса, бас редактордың нұсқауы бойынша, қатарлас бір материалдан қысқартамыз...» Ғаббастың тісі шықыр еткендей көрінді. Әйткенмен, тіл қатып, жауап қайырмаған. Арнайы кезекшіге тағайындамады. Сонда да, газетте қалыптасқан рәсім бойынша, түстен кейін сағат үште жайлап барып, атаулы мақаланы екі қайтара оқып, барлық емле, тыныс қателерінен тазартып бердім. Ертеңіне, 6 май, жұма күні қаз-қалпында жарыққа шыққан еді. 1966 жыл.

«Боладысы қызық...» – тек тойға ғана қатысты кеп емес. Мақаланың жалпы жұртқа жариядан соңғы қызығы – әуелгі дабырасына жетпеді. Біреулер ыза болды, біреулер қайран қалды. Алайда, теріс екен, жалалы, пәлелі екен деген сөз айтылмаған. Қайткенде менің азулы сыншы деген атағым шығып еді. Жер өртегенге жуық жағдаят. Басқа бір тұрғыдан алғанда, үлкен абырой. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін айғақтаған зерттеулер саналы жұрттың көңілінен шықса да, жалпы танымы көпшіліктің көкейіне жетпеген. Енді мына тентек мақаладан соң менің білгірлігім мен бұзақылығым ешкімнің де күмәні қалмады. Мойындау ғана емес, ізет, ілтипат. Бұл жағын алғаш рет ертеңіне, сенбі күні, бізбен көршілес, ол да осы Горный гигант аумағында пәтерлеп тұратын

Үмбетбай Уайдиннің шаңырағындағы шілдеканада аңдап едім. Үмбетбай бұл кезде «Лениншіл жаста.» Бірлі-жарым дос-жаран және бас редактордан бастап, газет құрамы түгелге жуық келіпті. Жүйрік журналист, болашақ жазушы жастар. Әрине, біразы мені бұрыннан біледі. Сыйлап, қошаметтеп жатыр. Мен де көтеріңкі отырдым. Ал Жазушылар одағындағы көрініс мүлде өзгеше. Бойым бұрынғыдан өсіп кеткен сияқты. Енді редакцияға әрқилы жағдаймен келіп-кететін танымал ақын, белгілі жазушылардың ешқайсы бұрынғыдай: «Сен кім едің? Қайдан келдің? Несіне күпініп отырсың?» – деп айта алмайды. Аш пәледен аулақ... Әрине, бұрнадан тілектес, түсіністі ағайындардың құрметі арта түсті. Және бұған дейін сырымды білмеген, тіпті теріс қараған кейбір үлкендердің өзі. Жазушылар қауымының бірер аптадан соң ашылған кезекті құрылтайында, үзіліс кезінде, шарай жұрт алдында, кеше ғана менің абзал еңбегімді мойындамаған доктор, профессор, жарты академик Есмағамбет Ысмайылов «терең әдебиетші, жауынгер сыншы» деп мадақтаған еді. Иә, алдағы атаулы қорғау рәсіміндегі күмәнді бір дауыс бері шықты. Мүмкін, осындай әлденеше дауыс. Алайда, мен мұрат тұтқан диссертация осы шулы мақаладан соң, кем дегенде тағы бір жылға кері шегерілген еді. Есесіне, онды шешім бұрынғыдан жақындай түскендей. Әйткенмен әлі де нығая беруім керек, монографиямның негізгі тұрғыларын әйгілей түсуім қажет. Менің ерекше жағдайымда ең бастысы – еңбегің емес, жалпы жұрт мойындаған дабыра атағың екен. Ардан безген, кісәпір біреу болмаса, ешкім ашықтан ашық қарсы тұрмауға тиіс.

Ақыры, ол күнге де жеттік. 1967, март айы. Қарсаңдағы шаралар түгелдей оңымен шешілген, тиесілі күні белгіленген. Енді ресми қорғау ғана. Дәп осы кезде көлденең пәлекет шықты. «Лениншіл жас» газетінде. Маған осы кейінде ғана мағлұм болғандай, көлденең көк атты емес, әдебиет бөлімінің меңгерушісі, бірге оқыған, бірге тұрған, қатар өскен ежелгі дос Оразбек Сәрсенбаев жазып, редактор Шерхан Мұртазаев мақұлдап өткізген арандатқыш мақала. Мұхтар Мағауиннің солақай сыншылдығы негізінде. Арада бір жыл өтіп кеткен. Енді ғана еске түсіпті. Әйгілі трилогияны орынсыз сөзге ұшыратты, жауапсыз қалмауы керек, деген тұрғыда. Сонымен қатар, «Қазақ әдебиеті» газетінің бетіндегі әдеби сын теріс бағаланады. Яғни, тағы да осы тарапқа жауапты Мағауинге қарата. Жинақтап келгенде, міне, осындай күмәнді кісі шырқап кетіп барады, жабыла көтеріліп, қайткенде тоқтату керек дейтін сарын. Бұрында жазғанбыз, әлдекімдерді қоздырған шығар, бірақ ақыр түбінде ешқандай теріс нәтиже шықпады. Нықан редакция алқасы – белгілі жазушылардың басын қосқан шағын мәжіліс өткізді, бұлардың бәрі де аталмыш мақаланы орынсыз деп тауып еді, ал Серік Қирабаев Нықаңа: «Мақаланың мақсаты айқын, бірақ мына жігіттің судан өтіп алғанша, ренішті әңгіме көтеріп, пәлені қоздатып қажеті жоқ, кейінгісін тағы да көре жатарсыңдар», – деп, тоқтау айтқан. Нықанның түпкі ойы да осы болса керек, ақыры ескерусіз кетті. Әйткенмен, менің көңілімде дық қалған еді.

Нақты есімде жоқ, шешуші талқы әлде бір апта, әлде оншақты күннен соң өтуге тиіс еді. Бұл екі ортада Нығмет ағам Қазақ

университетіндегі филологиялық Ғылыми кеңес мүшелерінің толық тізімін алғызып, шамасы жиырма бес адамға, түгелдей дерлік, жеке-жеке, арнайы телефон соққан еді. Танымал жазушы, Қазақстан қаламгерлерінің орталық органы, жалпы жұрт алдында бедел-абыройы ерекше «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. Өзіне сенімді, ақ, адал азамат, әрі өтініш, әрі тілек, және мына баланың артында кісі барын ескерту, ең бастысы – қазақтың әлденеше ғасырлық әдебиет тарихының танымы мен мерейі, жаңа шығып келе жатқан дарынды жастың оң жолына бата, көлденең жала шыға қалса, әділдіктен айнымау... Алдында неше қилы әңгіме болған, ежелгі әдебиет тарихына әуелден қарсы академик Қажым Жұмалиев бастаған, енді солақай сыншыға ренішті тағы қаншама жазарман қостаған тұтас бір десант дайындалып жатыр дейтін лақап бар еді. Бәрі теріске сайды. Уақытын бөліп, арнайы ат басын бұрып Сәбит Мұқанов келген және шынайы лепесін білдірген. Қалижан Бекхожин, Ғабдол Сланов, Ғайнетдин Мұсабаев... Жетекші ұстазым Бейсенбай Кенжебаев және сол қатардағы ғылыми кеңес мүшелері: Әлкей Марғұлан, Мәлік Ғабдуллин, Хайролла Махмұдов, Кәкен Аханов, Рахманқұл Бердібаев... Әлдебір кандидаттық диссертация үшін емес, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тарихын негіздеу, түптеп келгенде, Ата-Қазақ мерейі, Ата-Қазақ рухы үшін. Ақыры, үлкен абыроймен өттік. Бүгінде дәрежесі шамалы көрінетін осы кандидаттық диссертация негізінде, ертелі-кеш, күні кешеге дейін қазақтану ғылымының барлық саласы – қазақ әдебиеті, қазақ философиясы, қазақ психологиясы бойынша бірнеше докторлық диссертация, қаншама кандидаттық диссертация жазылды, ең маңыздысы – қазақ халқының өз атындағы мемлекеттік дәуірі – Қазақ Ордасы заманындағы төрт ғасырлық әдебиет тарихы қалыптанды. Ежелгі жыраулар мұрасы тіріліп, ұлттық сананы көтерумен қатар, қазіргі замандағы қазақ көркем сөзінің өрісі кеңейіп, жаңа бір иірімдерге жол ашылды. Жалғыз менің еңбегім емес, жоғарыда аттары аталған және аталмаған қаншама алаш азаматының арқасы. Осы тұрғыда менің ең алғашқы мақаламды басып, бар жақсыға жол ашқан, бұдан кейін Ғабит аға Мүсіреповке жалғастырып, одан соңғы заманда Ілияс Есенберлинмен табыстырып, менің бағым көтерілуіне, шарықтай шығып, бүгінгі дәрежеге жетуіме Нықаң – Нығмет Ғабдуллиннің риясыз көмегі мен тынымсыз қолдауын ерекше атап айтуға тиіспін. Жаны жаннатта шалқығай, аяулы ағаның!!..

Мен – болашақ Мұхтар Мағауин, жасым жиырма бесте, «Қазақ әдебиеті» газетіне келген күннен бастап, кеудем жоғары болды. Үлкен әке мен мейірбан әженің тәрбиесінде ерке өскен бұла көңіл, кейінде орта мектепте озғын оқу, университет пен аспирантура жылдарындағы білік пен сенім нәтижесінде қалыптасқан болмыс. Нықаң мен газетке келмей тұрып, алғашқы мақалам алдына түскен сәттен бастап, өзгеше талайымды таныған екен. Жазушылардың орталық басылымында өзіне серіктес іні есебінде қабылдады. Арада үш жарым ай өтіп, бас редактор ретінде бекіген соң, өзімен тең дәрежеде, айрықша сенім көрсеткен. Тек өзім басқаратын әдеби сын бөлімі ғана емес, орайына қарай, барлық жанр,

барлық мәселеде ілтипат жасар еді. Әлденендей ұсынысым өтпей қалғаны жоқ, сондай-ақ қиғаш пікірлерім де ескерусіз кетпейді. Бәрі де жеке бас емес, үлкен әдебиет мүддесі. Мейлінше адал кісі еді. Жұмыста, шығармашылықта ғана емес, әдепкі, күнделікті өмірде де.

Әділ қазы, көрегендігі және бар. Болашақ арыстан жазушы Ілияс Есенберлинді, Ілекеңнің өзінің бірге өскен досы Қапан Сатыбалдиннен соң айрықша бағалап, терең дарынын таныған да осы Нықаң болатын. Бұрнада жазғанымыздай, ең әуелі «Айқас» романын жұғымсыз теперіштен қорғады. Және газет бетінде жаңа бір шығармаларынан үзінділер беріп, әйгілеп отыратын. Үлкен ағамен қашан, қалай жұғысты – білмеймін. Әйтеуір, мен алғаш көргеннен-ақ өзара құрметі ерекше болды. Ілекең туралы естелігімде бажайлап жазғанымдай, ақыры, Қапан Сатыбалдин екеуі алдынала қамданып, мені «Жазушы» баспасына орынбасар бас редактор қызметіне өткізген еді. 1967 жыл, май айы.

Нықаңның «Қазақ әдебиеті» газетіндегі бас редакторлық қызметі одан әрі жалғаса берді. Қазақ Ордасы – XV–XVIII ғасырларда жасаған ақын, жыраулар туралы монографиям «Қобыз сарыны» дейтін кітап ретінде қалыптанып, баспаға өткеннен соң, мен «Қазақ әдебиетіне» енді ескі дәуір емес, бүгінгі замандағы әдеби үрдіске байланысты екі-үш мақаламен ғана қатысыппын. Газеттің бағыт-бағдары бұрынғыша. Бүгінгі заманға ғана емес, совет дәуірі, оның ішінде бастапқы кезеңдегі әдебиет тағдырына із салған жазбалар бой көрсетті. Осы ретте Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Қилы заман» романы туралы мақаланы атап айту қажет. Жас әдебиетші Рымғали Нұрғалиевтің елеулі бір еңбегі. Жазушылар одағының сол кездегі төрағасы, саясаты кемел, батылдығы да зор Әди Шәріпов қозғау салған ізгі шаруа. Атаулы мақала осы Әдекеңнің қолындағы, орыс қарібіне түсірілген қолжазба негізінде және үлкен ағаның нұсқау, үгіті бойынша жазылады. Әди Шәріпов осыдан соң Нығмет Ғабдуллинге міндет артыпты. Әйткенмен, мұндай дау-дамайлы мақаланы сол қалпында жарыққа жеткізу үшін бас редактордың да батылдығы керек еді. Бұл алмағайып істің ақыры айқайға ұласса, ең алдымен Нығмет Ғабдуллин жауап бермек. Алайда, алды-арты терең ойластырып жасалған шаруа, оқырман қауым мен әдеби ортада үлкен дүмпу туғызғанымен, мақаланың арты дау-шараға ұласпады. Адам да басқа, заман да басқа, жаңа дәуір алдындағы өтпелі бір кезең еді. Кейінде Рымғали Нұрғалиев осы мақаладан соң: «Нығмет Ғабдуллин бас редакторлықтан, Зейнолла Серікқалиев бөлім меңгерушілігінен, ал мен Жазушылар одағындағы қызметімнен босатылдым», – деп жазыпты («Парасат» журналы, 1993, №2; кейінде Р.Н. Шығармалар жинағының VI томында қайыра басылған). Және арада алты-жеті жыл өткеннен соңғы докторлық диссертация шырғалаңын да осы «Қилы заман» зардабына апарып тірейді. Бұл – 1967 жыл, сентябрь. Анығы – сол бір тұста және кейін де ешкімге ешқандай қысас жасалған жоқ. Рымғали арада тұтас бір жыл өткенде, өз қалауы және атап айтпаса да, Әди Шәріповтің тікелей араласуымен университетке ауысты. Бұл жаңа, ғылыми-ұстаздық жұмысқа бейбіт жағдайда қалай орналасқаны туралы кейінірек, арнайы жазғаны бар.

Әдеби газеттің сын бөлімінің меңгерушісі Зейнолла Серікқалиев бірер жылдан соң аман-есен кандидаттық диссертациясын қорғап, ол да жайлырақ жерге кетті. Ал Нығмет Ғабдуллин бұл, басы шулы, арты тыныш мақаладан соң «Қазақ әдебиетінде» және үш жыл отырып еді. Баспасөз атаулы, оның ішінде жалпыға жария интернет заманында қандай да жалған ақпардың құйрығы жарты-ақ тұтам. Сол сәтінде болмаса, көп ұзамай-ақ анығы айқындалып жатпақ. Қайткенде де, «Қилы заман» оқиғасында мақала авторы мен сол кезде тасада тұрған Әди Шәріповтің еңбегі зор десек те, бас қаһарман – Нығмет Ғабдуллин болды. Өйткені, автор сөгіске ұшыраған жағдайдың өзінде, ең үлкен жауап – мұндай қияпасқа жол берген бас редактордан сұралар еді. Айтқанымыздай, арты қайыр болып, бар шаруа жаймашуақпен бітті. Ақыр түбінде Әди Шәріпов бұл істі біржола тиянақтады. Әуелде «Қилы заманның» жолма-жол қотармасын әзірлеп, бұдан әрі Москвадағы белгілі аудармашы Алексей Пантиелевке тәржіма жасатып, осыдан соң әйгілі А.Твардовскийге қолқа салып, ақыры әлемдік «Новый мир» журналында жарияға жеткізгені мәлім. Көп ұзамай, «Қилы заманды» өзінің алғысөзімен «Жұлдыз» журналында (1974, №8) шығарды. Алматыда «Қазақ әдебиеті» газетінен басталып, Мәскеуде бар түйіні шешілген «Қилы заман» тағдыры туралы біз басқа бір орайда толығырақ жазсақ керек.

«Қилы заман» хикаясынан соң екі жыл озғанда Нығмет Ғабдуллин өзінің өмірлік мақсаты – жазумен, әдеби зерттеумен алаңсыз айналысар, біршама тыныш және байырқалы ғылыми-педагогтық жұмыс – ҚазПИ-ге ауысты. Әдебиет газетіндегі бас редакторлық қызмет одан әрі жалғасқан. Алайда, екі кемеңнің құйрығын қатар ұстау мүмкін емес еді. Ең алдымен, Нықанның өзінің қалауы бойынша.

Осы арада, Нығмет Ғабдуллиннің ғұмырбаяны, ең бастысы – «Қазақ әдебиеті» газетіне қатысты көпе-көрнеу бір сорақыны айқындай кету қажет болып тұр. «Қазақстан жазушылары. XX ғасыр» дейтін, толымды анықтамалық кітап және интернеттегі мағлұмат атаулыда Нығмет Ғабдуллин «Қазақ әдебиеті» газетінде 1966-1969 жылдары бас редактор болды деп көрсетіледі. Ал осы газеттің күні кеше – 2018 жылы март айында өткен Жазушылар құрылтайынан соңғы бір санында тіпті жылы ғана емес, айымен айтылыпты. 1967 жылдың апрелінен 1969 жылдың тамызына дейін... Жалпы, қазақ баспасөзі, қазақ интернетінде әрқилы деректік қателердің өріп жүруі таң емес. Ешқандай нақтылық жоқ, құр долбар, түбірімен жаңсақ және қисынсыз жағдаяттар жиі ұшырасады. Соның әдепкі бір көрінісі. Нығмет Ғабдуллиннің «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы ретінде алғаш қол қоюы – аталмыш мезгілден бір жылдан астам бұрын – газеттің 1966 жыл, 28 февраль күнгі саны. (Алдыңғы бас редактор Қапан Сатыбалдин – 21.II.1966.) Ең соңғы рет – 1970 жыл, 10 январь. Әдеби газетімізді бұдан әрі Әнуар Әлімжанов басқарған. (Әуелгі таңбасы – 17.I.1970.) Ал жаңағы 1969 жылдың тамызына келсек, осы екі аралықтағы тұтас бір жылдың әуелгі алты айында газетті, өзінің айтуына қарағанда, проза бөлімінің меңгерушісі Пәленше-екем шығарып отырған дейтін сөз – тіптен ұят. Кезінде қисынсыз мақтан, түйсіксіз өтіріктен

бастау алған лақап. Оны аз десеңіз, аталмыш бір жылдың екінші жарымы – тағы да алты ай бойы газет бас редакторсыз, мүлде иен қалыпты-мыс. Манағы мақтангөйіміз тұтас бір жылды толайымен ұстай алмаған. Мұндай да ғажайып болады екен. (Осы, Нығмет Ғабдуллин туралы естелік жазбаларымыздың алғашқы терімі өткеннен біршама кейін, «Қазақ әдебиетінің» сексен бес жылдығына орай арнайы санда әлгі жаңсақ, қисынсыз деректер қайыра басылыпты – 11.1.2019; яғни, өз бетімізбен түзелуден кетіп қалдық деген сөз.) Бүгінде жеке меншік әлдебір басылымға әркім қожалық етуі мүмкін, ол кезде бәрі де партиялық саналатын баспасөз жыл он екі ай түгілі, он екі күн, бірер ай иесіз, ресми, атаулы басшысыз қалуы мүмкін емес. Және біз куә болған, көзімізбен көрген, ешқандай күмәнсіз жағдаят. Анығына жету оп оңай. Сол кездегі «Қазақ әдебиетінің» тігіндісін алып қараңыз: біз көресткен меже – барлық санда Нығмет Ғабдуллиннің қолы тұр. Сонымен, кайталап айтайық, Нығмет Ғабдуллиннің «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып отыруы – 1966, февраль – 1970, январь аралығы. Қырық күні кем, тұтас төрт жыл. Бұдан арғы тұрақты, бірегей жұмыс орны ҚазПИ. Нығмет Ғабдуллин, қаншама сұранып жүріп, газет жұмысынан әрең босанып еді. Ұстаздық қызмет өз алдына, дайынға жақын докторлық диссертациясын біржола тиянақтау қажет болатын. Жазушылар одағының төрағасы, парасат, пайымы зор Әди Шәріпов, жоғарғы жақпен келісімді, әрі қолайлы кісі табылғанша ұстап отырған. Нықаң, өзі айтқандай, әрең азат болып еді. Және еске салайық, ол замандағы аса үлкен мансап, әсіресе қаламгер қауым үшін игілікті жұмыс – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы дейтін қызметтен өз еркімен, өзінше кеткен жалғыз жазушы да осы Нығмет Ғабдуллин болатын.

Нықаң әдебиет газетінен біржола кеткеннен соң, екі жылға жетпей мен де баспадан ығысып, таза ғылыми орта – Академияның Әдебиет институтына ауыстым. Жұмыс орайымен арамыз алшақтағандай көрінген, бірақ көп ұзамай, құдайы көрші шығып едік. Жазушылардың Әди Шәріпов негіздеп кеткен жаңа үйі – Жамбыл 163, бір далаңда. Нықандар төртінші қабат, біз – үшінші қабатта. Туыстық аралас одан әрі жалғасты. Жай ғана көрші емес, ағалы-інілі бір әулет сияқтымыз. 1971 жыл, декабрь айында орнығып едік.

От анасы Мағрипа – Мағыш жеңгей өзгеше бір жан. Үлкен жазушы, әдеби ортадағы ұлық, болашақ профессордың зайыбы ретінде емес, тумысынан қалыптасқан, өзінің құнын білетін кірпияз тәкаппар. Және, бұрнағы кеңпейіл қазақ әйелінің, бүгінгі оқыған зиялының барлық жақсы қасиетін бойына жинақтаған, зор мәдениет танылады. Нығмет Ғабдуллин сияқты алаш азаматына лайықты жар еді. Бұл кезде қырыққа ілінсе де, өңін бермеген, әдемі әрі сымбатты, сәнмен киініп, таза жүреді. Әуел бастан-ақ жасы кіші біраз абысын келіндері, оның ішінде біздің Бақытқа үлгі болып еді. Жүріс-тұрысымен қатар, қонақ күтуі, үлкенге жұғысты, кішіге мейірмен қарайтын бекзат мінезі. Көп жұртпен араласа бермейтін, бірақ жақын тұтқан адамдарына кіршіксіз. «Қазақ әдебиеті» газетінде жүрген кезіміздің өзінде Нықаң екеуінің дастарқанында екі, әлде үш

мәрте арнайы қонақ болғанбыз. Солодовников көшесіндегі жазушылар үйінде тұрады екен. Бізге ат шаптырым болып көрінген кеңіс үш бөлме. Талғаммен алынған, сәнді, қымбат жиһаз. Және жаңаша үлгіде жайылған қазақы, мол дастарқан. Және жастары кіші демей, қайындарына ғана емес, абысын келіндеріне де жасалған бауырмал ілтипат. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі заманның зиялы отбасы. Алғаш барған жолы, қара дерматинмен қапталған, үлкен есіктерінде пәтер номері жоқ екен, бірақ жактауда көк сиямен «Алтай» деген жазу тұр. Бұрнада естісек керек, осы үйдің иесі, Ғабдуллин Алтай шығар деп, қоңырау соқтық. Рас екен. Айтып, мәз болып едік. Ол кезде мектеп оқушысы, орта класқа жетпесе керек. Жасы кіші тағы бір ұл бар екен. Асқар. Тетелес екі ұл. Біздің алдымыздағы қазақ зиялылары, әйел затының жаңа бір еркіндігі ме, әлде жаппай ғадет пе, түгелдей дерлік екі баладан аспаған. Алтай мен Асқар жақсы жігіт болып өсті, алайда үлкені, көп кейін, біз көршілес тұрған заманда, мезгілсіз дүниеден өтіп еді. Бұл кезде кіші ұл да үйленген. Тойын бірге қызықтадық. Енді көлденең қайғыға да ортақ пейілімізді білдірген едік. Бір алданыш – Алтайдың артында тұяғы қалып еді, ол кезде мектепке де ілінбеген Айгүл дейтін қыз бала. Кіші ұл өз алдына үй болып кеткен, егізімен тағы бір немерелер туып жатқан. Қайткенде, бастары бүтін, жеке шаңырақ. Нықаң мен жеңгейдің бар тілеуі жаңағы Айгүлде болды. Әлпештеп бақты, оқытты, жеткізді, ақыры ұзатып салған... Бүгінде Еуропа, әлдебір шет елде тұрса керек. Мүлде алыстап кетіпті, атасы мен әжесіне қайтып көрінген жоқ. Нықаң мен жеңгей қолдарына қараған немерелерінің бой жетіп, аяқтанып кеткеніне тәуба айтып, токтаса керек. Ал мезгілсіз өткен үлкен ұлдың қайғысы бәсең тартса да, ешқашан тарқамаған сияқты. Ерлі-зайыпты екеуі де нәзік жанды кісілер болатын.

Сөз ағынымен алға озыңқырап кеттік. Ағайын, әрі тату адамдар көршілес тұрғаннан кейін, үй арасында үй емес, жарым қабырға ғана бар, ертелі-кеш болмаса да, күнара дерлік көрісіп, апта асырмай, ай өтпей араласып жатпақ. Кейде аңдамай уақыт өткізіп алсақ, бейресми дастарқан жайылады. Тағы төрт-бес жыл озғанда, мен Академиядан жеріп, Нықаңның соңынан ҚазПИ-ге бардым. Алдында бұл тараптың мән-жайын сұрағам. Тыныштық және уақыт жөні. Оның үстіне, кафедра меңгерушісі Серік Қирабаев ағам үш жылдан соң, еңбекақы толық сақталатын докторантураға өткізем деп отыр. Мен екі ойлы қалыпта бал ашқандай, әңгүдіктеу ойыннан соң, келісім беріп едім. Үш емес, төрт жылдан кейін докторантураға шықтым. Әуелгі есебім бойынша, бұдан соң таза шығармашылық жұмысқа кетпекпін. Ақыры солай болды. Алда «Аласапыранның» қилы толқынды екі кітабы тұрған.

Кәрі ҚазПИ-дің қабырғасында Нықаңмен кайтадан әріптес болып шықтық дедім. Аяулы ағамды жаңа бір қырынан көргем жоқ, сонымен қатар, бұрынғыдан гөрі тани түстім дер едім. Профессор Нығмет Ғабдуллин болашақ мұғалім, әдебиетші студенттер үшін үлгілі ұстаз болды. Жүріс-тұрысы, жастармен ағалық, адамдық қарым-қатынасы, және, ең бастысы – мазмұнды, қызғылықты, өзгеше дәрістері. Әрине,

әріптес ретінде қатарлас жұмыстаймыз, Нықанның сабақтарына қатысудың реті жоқ, алайда, кафедра мәжілістерінде, ғылыми кеңесте, және әрқилы әдеби шараларда қалай сөйлейтінін жақсы білем. Бірқалыпты, қоңыр дауыс, әсіре, боямасыз, байыпты, әрі мағналы, кедір-бұдырсыз, шешен тіл. Кейінде белгілі жазушы болған Асқар Алтайдың айтқаны бар: ҚазПИ-дің біз оқыған филология факультетіндегі ұстаздар ішінде Нығмет Ғабдуллиннің дәрістері айрықша тартымды болушы еді, деп. Бұл жағдайды басқа бір студенттері де куәландырады. Және күнделікті лекция ғана емес, семинар сабақтарын өткізудегі ерекшеліктер жайын қызықтап айтқан. Бұл кезде Нықаң қазақ әдебиеті кафедрасында профессор. Менен соң, Серік Қирабаев Академияның Әдебиет институтына ауысып кеткеннен кейін, Нықаң осы кафедраны басқарды. Жарқын, мағналы өмірінің сырқат дендеген соңғы кезеңіне дейін.

Мен көргенде ҚазПИ-дің филология факультетінің оқытушылар құрамы аса ірік болатын. Орыс әдебиеті кафедрасы, орыс тілі кафедрасы – республикаға белгілі әдебиет, тіл мамандары, бұлардың біразы таза ғылыми жұмыс үстіне, орта және жоғарғы мектептерге арналған оқу құралдарының авторы. Біздің қазақ әдебиеті кафедрасы болса болмаса. Бұл кезде меңгеруші – Серік Қирабаев. Ғылым докторы, профессор, белгілі сыншы, совет дәуірі, оның алғашқы кезеңіндегі әдебиетті зерттеуші. Жазуы қандай ұстамды болса, мінезі мен жүріс-тұрысы да сондай салмақты, бір қалыпты. Парасатты басшы, ұлағатты ұстаз. Бұл кезде Нықаң ғылым докторы, профессор, және белгілі жазушы. Кафедрадағы мәртебесі жоғары үшінші адам – Хасен Әдібаев, ғылым докторы, профессор, орысша, қазақша бірдей жазатын әдебиет сыншысы. Жасы үлкеніміз – Төкен Абдрахманов, ғылым кандидаты, доцент; ақындықтан, газет, журнал қызметінен бастап, зерттеушілікке ауысқан. Бұл кезде де өлең жазуын тоқтатпаған екен, алайда, өзі үшін ғана. Көктөбел шығармашылық үйіне барып қайтқаннан кейін, баяғы Алтын Орданың елесін жоқтап жазған «Қайран Қырым» өлеңі есімде қалыпты. Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың бастапқы кезеңінде жарыққа шыққан ескілікті қазақ кітаптарының қоймасы есепті, қаншама құнды басылым, оның ішінде «Оян, қазақ» пен «Бақытсыз Жамал» да бар еді. Ахмет Байтұрсыновтың біз кейінде, Әди Шәріповтың дайындауымен «Жұлдызда» жариялаған «Әдебиет танытқыш» кітабының түп төркіні де осы, ауылдас, дос-жар Төкен Абдрахмановқа тірелсе керек. Жариядан тыс өлеңдері мен ескілікті қаншама құнды кітаптар бүгінде сол қалпы, қыздан туған, қазақ салтымен өз атына көшіріп алған жиен-немересі Ернар Абдрахмановтың қолында сақталып тұруға тиіс. Төкен аға ескінің көзі, ішінде қаншама толғам тұнып жатқан, мейірбан, кеңқолтық кісі еді. Бұл кезде кафедрадағы ұстаздық қызметімен қатар, факультеттің сырттан оқу бөлімінің деканы. Бәрімізден жасы кіші, білімдар әдебиетші және аса сыпайы, мәдениетті Серік Мақыров бар. Кандидаттығын Сәбит Мұқановтан қорғаған. Студенттер жақсы көретін ұстаздар қатарында. Серікпен тұстас Мереке Жамановтың ғылыми атағы жоқ, бірақ кісілігі де, танымы да жоғары болатын. Мен кетер қарсаңда сырттан Өжкен

Тыныбаева дейтін әйел келді, ғылым кандидаты, жасы елуге шықса да, өңін бермеген, көрікті және байыпты жан екен. Иә, айтпақшы, мен құралпас Базылжан Асылжанов деген аға оқытушы бар, аңғалақ кісі еді, әлдеқалай Ленинград архивінде отырғанда, сол тараптағы әлдекім Абайдың баяғы бір заманда Сенатқа жазған ғарызнамасына нұсқапты, кейінде жарияланып, талқыланып жатты, оншама абыройлы құжат емес, қазақтың әлдебір ертегісінде сияқты, аңқау, кездейсоқ адамның шалғайына ілініпті, сол қалпы, архив тереңінде, мүлде жабық қалғаны жөн еді, деймін.

Осы, қазақ әдебиеті кафедрасының мүшелері, жасымыздың үлкен, кішілігіне қарамастан, тепе-теңдік, сыйластық жағдайда, мейлінше тату, ынтымақты болдық. Десе де, Серағаң, Нықаң, Төкен аға төртеуіміздің жақындығымыз айрықша. Тым жиі болмаса да, онша ұзатпай қонақтасамыз, ағайынды туыстар сияқты едік. Ауылдас, аталас Хасен ағамен жекелей қатынасым да тәуір. Алас-күлес мінезі бар, кейін, баспада жүргенімде артық салмақ салып, онысы қашан орнына келгенше берекемді қашыратын еді. Жазғыш қана емес, әдеби сауаты да жоғары, кейінгі кезде таза жазушылыққа ден қойды және өзін теңдесі жоқ қаламгер деп біледі және мені «Аласапыраннан» бастап, барлық жағынан шамалы санайды. Кейінірек, 1984 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатқанда, кемісітіп мақала жазғаны да бар. Бұл да бір мінез. Ең қызығы, осыншама өрескел болса да, кек тұтпайсың. Әлде пәтуасыздық, әлде алаңғасарлық санағаннан. Ең бастысы – елеусіз көргеннен. Қанша айтқанмен, кетісе алмайтын аталас туыс. Оның үстіне, жеңгеміз Надежда Кузминична – жоғарғы білімді дәрігер, дастарқаны дәмді, мейірбан, кең, тамаша кісі еді.

Енді міне, сол заманда менімен әріптес болған ағайындар: үлкені – Төкен Абдрахманов, оған тетелес Хасен Әдібаев, бұлардан кіші болса да, кемел жастағы Нығмет Ғабдуллин, менің алдымдағы Өжкен Тыныбаева, бізден жасы кіші Серік Мақыров пен Мереке Жаманов, – бар-бәрі бақилық болған. Базылжан Асылжановтың кейінгі тағдырынан хабарым жоқ. Серік Қирабаев ағам осы өткен, жоқ, арғы жылы ғана тоқсан жасын тойлады. Ендігі ескінің көзі, бұрнағы әдеби сыны мен ғылыми зерттеулерін айтпағанда, кейінде соны серпін жасап, бүгінгі жаппай өтіріктің заманында аса мәнді, шынайы естеліктер жазған Серік ағамыз бұдан әрі жасай берсін, деймін. Басқасын айтпағанда, біз де сексенге тақап қалдық, алдында татымды, жақын бір ағайындар жүруі – көңілге медеу.

Ол кезде барлық жерде енді ғана дендей бастаған былық-шылық біздің ортада мүлде жоқ. Институтқа қабылдау жөнін айтам. Декан мен ректорат тарабынан ғана көрініс беретін. Соның өзін жүре тындар едік. Алғашқы жылғы тәжірибе негізінде көңілге түйгенім. Мені қабылдау емтиханының құрамына қосыпты. Пән комиссиясының төрағасы – Нықаң болатын. Алғашқы күні-ақ, ал енді жақсы балаларды жіберіп алмайық, деді. Кімнің қандай екені әуелде жазба, содан соң ауызша емтиханда сараланбақ. Әйтсе де, бір бала басынан оқшауланып көрінген. Небәрі елу

орынға тапсырған үш жүз абитуриенттің ішіндегі жалғыз медалист. Нықаң бәрімізді ескертті де, өзінің тікелей бақылауына алды. Кейінгі рәсім бойынша, медалист атаулы алғашқы сынақтан бес алса, бірден өтпек, одан төмен шықса, қалған барлық емтиханды жұрт қатарлы тапсыруға тиіс. Нықаң әуелде шамалап қалған сияқты, жаңағы медалисіміздің шығармасын тауып алып, әрине, әуелде күдікпен оқыса керек, ақыры мәз болып, қуанғаны есімде. Бағана еңселі, еркін отырып еді, шынында да ер екен, деді. Ешқандай көтермесіз, өзінің әділ бағасы. Бес. Яғни, оқуға бірден түсті деген сөз. Бұл, қатаң сыннан мүдірмей өткен жалғыз медалисіміздің аты – затына сай, Ғалым екен. Кейінде Қазақ радио-теледидар комитетінің төрағасы болған, ең бастысы – тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде ұлттық бағдарды берік ұстанып, жалпы жұртымыздың танымы мен санасын көтеруде қаншама игілікті қызмет атқарған, білгір, ойшыл әдебиетші Ғалым Доскен. Өзінің тума табиғатына қоса, осы ҚазПИ қабырғасындағы өзгеше дәрістер және ол кездегі ресми оқумен қабыса бермейтін тың дерек, кеңшілік ұғымдар, түптеп келгенде, ұлтшылдық әуездер игілікті әсер қалдырды деп білем. Тұтастай алғанда, ҚазПИ-дің филология факультетіндегі оқу сапасы, одан да мәндісі – біршама ой еркіндігі кейін республиканың рухани өмірінен өз орнын алған ондаған алаш азаматының қалыптасып шығуына ықпал етті. Бұлардың ішінде белгілі жазушы, ғалымдар мен журналистер де бар. Сонымен қоса, еліміздің әр тарабында игілікті қызмет атқарып жатқан, әдеби танымы жоғары, ұлттық санасы айқын жүздеген ұстаз өз алдына.

Осы реткі сөз басына қайтып оралайық. Әуелгі жылы қабылдау емтиханына қатыстым дедім ғой. Алғашқы және соңғы рет. Бәрі жақсы басталған. Жақсы емес, табиғи жағдайда. Шығармадан үш жүз баланың жетпіс-сексені құлады. Бұдан соң ауызша, тіл мен әдебиет емтиханы. Лингвист Асқат Әбілқаев екеуіміз бір қосақта. Тәп-тәуір отырғанбыз. Кенет үстімізге факультет деканы келіп кірді. Елуге тақаған, төбесі селдір, сыптығырдай қара жігіт еді, жаңылмасам, КПСС тарихынан ғылым кандидаты. Маған бас изеді де, жасы үлкен Әбілқаевтың қолына бір жапырақ қағаз ұстатты. Деканымыз бөгелмей шығып кеткен соң, Асекең менің алдыма тосқан. Бізге арнап келуге тиіс «тандама» абитуриенттер. Алғашқы үшеуінің тұсында – ректор, бұдан соңғы төртеуінің тұсында – проректор, соңғы біреуінен кейін – мен деп жазылған және тізім өзіме қайтарылсын деген ескертпесі бар. Серігім маған көрсетті де, тазалай көшіріп алды, келер мезетте қайта кірген деканға өзінің қағазын ұстатқан. Міне қызық. Төтенше тапсырыстар болатынын білем, бірақ дәп осылай емес, алдынала, ағайыншылық жөнімен, – біреудің жақын туысының баласы, біреудің құда-жекжатына қатысты дегендей. Тәрізі, атаулы тапсырма алған жалғыз біз емес. Ауызша емтихан қатарлас үш аудиторияда жүріп жатқан. Сонда... оқуға қабылдануға тиіс елу баланың... кем дегенде тең жарымы, бәлкім, мен сырттан, жаңа келген кісі, басқалардың тізімі толығырақ, қайткенде де басым көпшілігі осы жоғарғы тізім бойынша. Соңыра кейбір жерде елу бала, жүз бала түгелдей тізіммен өтетінін естіп жүрдік. Мен баяғы

аспирант кезімде, 1965 жылы, педпрактика есебінде, университеттің филология факультетінде қабылдау емтиханына қатысып едім. Ешқандай арнайы тізім жоқ. Қазақшылық жөні – әлдекімнің жақын туысы, дос-жаран тарабынан бірлі-жарым өтініш болмаса, түгелге жуық адал өткеріліп еді. Тіпті, сол, арнайы тапсырылған балалардың өзі қаражаяу емес-ті. Енді міне, мүлде басқаша жағдай. Тізімнің өзі ғана емес, ондағы балалардың шама-шарқы. Әбілқаевтан сұрап едім, мынаның бәрі ананың өзінікі емес пе, деп. Бізде үйреншікті жағдай, үшеу-ара ортақ болуға тиіс, бәлкім, нақпа-нақ осылай, деген. Сонымен, панасыз екі-үш баладан соң тізімге жетейік. Әбілқаев ымдап қойып еді. Ректор. Бала қанағаттанарлық дәрежеде жауап берді. Жуан үш. Ал Асекең тіл бойынша сұрақтарға бес қойыпты. Жалпы бағасы да бес болуы шарт. Болмайды, дедім. Менде үш, үш жарым. Ақыры, төртке келістік. Енді тағы екі-үш баладан соң проректордың тапсырмасы. Менде екі, екі жарым мөлшері. Асекең әлде төрт, әлде беске тартқан, ақырғы бағасына бес сұрайды. Серігімнің табанды өтінішіне қарамай, үшке әрең көндім. Бұдан соң тағы да ректор... әлде проректор... әлде деканымыздың өзі... Үш те, төрт те емес, қара қасқа екі! Асекеңнің жаны қысылып, шырқырап кетті. Белгілі тіл маманы, мектеп оқулықтарының авторы, және кісілікті, кеңбейіл, момын адам еді, амал қанша. Ендігі қалған үш-төрт бала біздің алдымызға жетпеді, тәрізі, басқа жаққа бағытталған. Әрине, онда тәуір бағамен өтті. Ал жаңағы, сопақ бет, бадамша көз, сәнқой қыз есімде, кейін өз сабағымда студенттер қатарында көргенде таң қалмадым. Енді алдағы жылда қабылдау емтихандарына қатысудан бас тартам деп ойлап едім, жоғарғы жақ өзінше шешіп қойыпты – құдай оңдап, бұдан соңғы үш жыл бойы мұндай сынақ атаулыдан аулақ ұстады.

Менің кезімдегі факультет деканы туралы айттым. Аты-жөні есімде жоқ. Кейін сұрастыра жүретін едім. Көп ұзамай пара үстінде ұсталып, әлде бес-алты, әлде жеті-сегіз жылға айдалып кетіпті. Енді ректор мен проректор жөнінде бірер сөз. Проректорымыздың есім-сойы – Мұхтар Арынов еді. Әлдебір шет тілінің маманы. Өте мығым, түйіліп отырып, шалқақтап жүретін. Қабылдау емтихандары кезіндегі ғадетін айттым. Әлдеқалай кездесіп қалғанда, амандығының өзіне ақы тілейтіндей. Сондықтан, қарасы шалынса, аулағырақ жүруге тырысасың. Сөйте тұра, ай бойы алдын тосқанымыз бар. Жалғыз мен емес, жарым ҚазПИ. Әр жерде, мәселен, балалар бақшасында ата-ананың еңбекақысы туралы анықтама сұрап жатады. Соған орай әркілы төлемі бар. Яғни, Пәленбаев Түгенбайға, айлығы бірдеңе сом дейтін куәлік. Бухгалтериядан жаздырып аласың. Содан соң... проректордың қолы керек. Проректордан кейін бухгалтерияға қайта барып, мөр соқтырасың. Міне, осындай ерекше тексеріс. Қажетті справканы проректордың қабылдау бөлмесіне апарып тастайсың. Бір жетіден соң, дейді. Бір жетіден соң... әлі дайын емес. Екі жеті – әлі жоқ. Үшінші, әлде төртінші жетіде... жаңағы бір жапырақ қағаз табылмайды. Өзің алып кеттің, немесе проректордың алдынан әлі өтпеген... Тағы бірер апта күтіп, ақыры бухгалтериядан жаңа справка сұрайсың. Манағы шеңбер қаз-қалпында қайталанады. Келесі жылы

тезірек, екі-үш апта межесінде қолға тиді. Осылай, бір жапырақ, сол бухгалтерияның өзі қол қойып бере салатын, сенің адал ақшаң туралы, түкке тұрмайтын, бейкүнә, бейбіт анықтама үшін екі жыл қатарынан сандалып едім. Алғашқы жылы және келесі жылы. Ақыры, үй қасындағы балабақшаға екінші, әлде үшінші мәрте арнайы барып, меңгеруші апайды ешқандай справкасыз, ең жоғарғы төлемге әрең көндіріп едім. Астам кісіліктің осындай да түрі бар екен. Айтқанымдай, бір жапырақ, ақиқат, бейкүнә анықтама. Егер бұдан үлкенірек шаруамен ісің түссе қайтер еді! Иә, ондай да ісіміз түсіпті. Үлкен де емес. Түкке тұрмайтын, қаламның ұшымен шешілер, оп-оңай шаруа. Алдына барғанда, сыздап отырып айтып еді: «ҚазПИ-де неше жүз оқытушы бар, солардың әрқайсысының айтқанын орындай берсек, дүние не болып шықпақ?!» – деп... Бұл Арынов кейін Ақтөбе институтында ректор болыпты. «Аласапыраннан» соң мені талай жерде мақтағанын сондағы ағайындардан естідім. Тиісінше, екі, әлде үш мәрте. Баяғыда амандығыңды әрең алатын, тіпті, кекірейген қалпында баса-жаныштап, қасыңнан өте шығатын сабаз. Алайда, мен жібімеп едім, сол баяғы пікірім. Әзиз Несиннің әлдебір әңгімесінде ұшырасқан жағдай. Мына ауылдың суайты ана ауылға барғанда үлгілі молда болады. Оның есесіне анау ауылдың алаяғы мына ауылда үлкен құрметке жетіп, дәмолла атаныпты...

«Бір қызымнан бір қызым сорақы» дегендей, ректорымыз да жетісіп тұрмаған. Мен атаулы, шын мәнісінде шартты конкурстан өткеннен соң, арнайы шақырумен алдына келтіріп, айтқаны: «Сіздің біреуді біреуге шағыстырып, тағы біреулердің үстінен жалақор арыз жазатын мінезіңіз жоқ па?» – деп. Құлағыма сенбей, қайыра сұрап едім: «Менің үстімнен сондай бір мінездеме түсті ме?» «Жоқ, – деді. – Өзіңізден анығын сұрап отырғаным: өсек-аяң, өтірік арызға қатысыңыз болып па еді?» Мынаның ақыл-есінде кілтипан бар сияқты. «Ондай болған күннің өзінде мен мойындамас едім ғой...» «Әйтсе де, шынын айтыңыз, сондай жарамсыз, былғаныш мінезіңіз жоқ па?» Амалсыз күледі екенсің. «Жоқ!» – дедім. «Е, онда жөн», – деген, қанағаттанған сынаймен. Міне, осындай, аты мен сойын есіме әрең түсірдім, Жүнісбек Жұмабеков деген кісі атақты ҚазПИ-дің ректоры болып отырды. «Қоянның түрін көріп, қалжасынан түңіл» деген. Мынау – қоян да емес, басқа бір асыл текті жандық екен. Серік Қирабаев ұсынылып, бекігелі тұрғанда көлденеңнен қосылған ата баласы, Қонаевтың таңдама кадры. Бұл жағдайды кейінірек естідім, яғни, өзінің алдын орай жаздаған, шын мәнісінде өзі алдын орап кеткен Серік Қирабаевтың кісісі, келешекте зарары тимесін деп, өзінше сақтану, сіздің үстіңізден арыз жазбаймын деген уәде есепті. Міне, талай жерде осындай талай сабаз билік құрды. Күні бүгін де арылып бітпеген кесел...

Айтпақшы, осы екі көсемге теңдей қатысты, басы – трагедия, аяғы – комедияға ұласқан, төтенше оқиға. Трагедиямыз – ректор Жұмабеков әлдебір қатерлі сырқаттан Мәскеуде қайтыс болыпты. Әрине, адам болғаннан соң, отбасы және ағайын-туыс үшін үлкен қайғы. Ал бізде ешкім жабықпаған және ешкім де масайрамап еді. Мен «Е, байғұс-ай» дегем де қойғам. Азалы хабарды аяқасты шақырылған кафедра

мәжілісінде естіп едім. Арнайы жиналуымыз – марқұмның сүйегін әкелуге және жерлеуге қарай, кісі басы үлес қосуы шарт екен. Кафедра бастықтары – жүз елу сомнан, ғылым докторы, профессорлар – жүз, қатардағы кандидат, доценттер – елу, дәрежесіз оқытушылар – отыз, лаборант атаулы – он сомнан. Бүткіл ҚазПИ-де төрт жүзден астам оқытушы, кемі қырық-елу лаборант бар. Қайғылы өлім дегенмен, көлденең кімнің болса да қалтасына ауыр салмақ. «Мен ойлап тапқан шаруа емес, жоғарғы жақтан осындай пәрмен түсті, қалғанын өздерің білесіңдер», – деген бастығымыз Серік Қирабаев. Жоғарғы жағымыз – ректорат, яғни бүгінгі бірінші – проректор Арынов. Біздің үлкендер ыңғайсыз көріп, кішілер дағдарып, бір сәт үнсіздік орнап еді, мен сөз салдым. «Иманды болсын, бірақ мына жарлық – ешқандай рәсім, заңға сыймайды. Мен ұялғанымнан, қаралы бір шоқ гүл есебіне он бес сом шығарамын», – дедім. Қолма-қол, шығасы он бес сомымды Серағаңа ұстатуды ыңғайсыз көріп, лаборант қызымыздың алдына қойып едім. Содан соң, Сераға, басқа шаруа болмаса, мен кеттім, деп тұрып жүре бердім. Қалған жұрт қысылмасын деген ой... Арада үш күн өткенде Серік ағам телефонға шақырған. «Мұхтар, – деген өзінің биязы, баяу даусымен. – Арты қайыр болып, сенің он бес теңгең орта жолдан қайтып келді. Өзің табыстаған лаборант қызымыздан аларсың...» Мен амалсыз күлсем керек. «Енді әжептәуір әңгіме болып жатыр. Біздің жоғарымыздан да жоғары, горком, әлде ЦеКа-ға арыз түсіпті, бұл не сұмдық деген... Менің саған телефондап тұрғаным – басқа бір шаруа...» Содан соң, өзіміздің ішкі жұмысымызға байланысты әлдебір жағдаятқа көшіп еді. Иә. Байғұстың арты осындай ылаң болды. Сіздің үстіңізден арыз жазбаймын деген ант рәсімінен өтпеген, немесе уағдадан тайған әлдебір кәрі коммунист дабыл көтерген. Өткен аруаққа бәрі бір. Орнында отырған Арыновқа онша жайлы тимеді. Министрлікке ауысыпты. Ақыры, бір-екі жылғы қамаудан соң бар кінәсі кешіріліп, шалғайдағы пединститутқа ректор болып кеткен. Одан кейінгі абырой-атағын айттық.

ҚазПИ, докторантура, «Аласапыраннан» соң, арада бірер жыл өтер-өтпесте мен «Жазушы» баспасына қайтып оралдым. Бізде өзара есеп те, міндет те жоқ, риясыз ықылас қана бар. Нықанның менсіз де шығатын жаңа бір жинағына жол ашқан едім. Роман және екі-үш повесть топталған, «Өмірдің бұралаң жолы» аталатын үлкен кітап. Менің тұсымда өндіріске дайындалып, келесі 1987 жылы жарыққа жетті. Баспаға келген бетімде «Абай тағылымы» дейтін, ұлы ақын туралы ғылыми және танымдық мақалалар жинағын құрастырып беруге өтініш жасағам. Абайтану, жалпы әдебиет тарихы тұрғысындағы аса бір мәнді еңбек болып шықты, 1986 жылы басылған.

Міне, осы кезде, Қазақ теледидарында отырған Жүрсін Ерман бауырым маған жаңаша бір ұсыныс жасап еді. Оқырман жұртшылықпен ашық кездесу-сұхбат өткізсеңіз, біз тиісінше, таспаға түсіріп, артынан үлкен эфирде жұрт алдына тартсақ деп. Бұған дейін бірнеше әріптесіміз өткізген, сөйлеген, республикалық теледидар бетіне шыққан. Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртазаев, Сәкен Жүнісов, тағы бір ағайындар. Мен

уақытым, ең бастысы – тынышым кетер деп, онша мақұл көрмеп едім, Жүрсін үгіттеп көндірді. Сізге ешқандай дайындық керек емес, таңертең жақсы ұйықтап тұрасыз да, кешке қарай екі-үш сағат сөйлеп бересіз, қалған жұмыс менің мойнымда, деген. Шынында да солай болды. Кешті Жүрсіннің үйіндегі келін, біздегі жеңгесімен аттас Бақытжамал Ерманова бастап берді. Бұдан соң жазба түрде, жапырлаған сұрақ. Тұрсынжан Шапай інім реттеп, жүйелі кезегімен ұсынып отырған. Ақыры, үш сағатқа жуық сұхбаттың жиынтық көрінісі – алпыс минуттан астам деректі фильм. Сәл-пәл толығырақ радио-жазбасын кейінде таңбаға көшіріп, жарияға жеткіздім. Түсірілімнің өзінің түпнұсқасы теледидар архивінде тұрса керек, ана бір жылдарда толығымен көрсетіп жүрді. Және интернетте сақталған. Біздің балалар қайыра таңбалап алған жазбасы да бар сияқты. Осы жақында қысқаша бір бөлігі қазақ сайттарының бірінде көрініс берді. Сол кездегі кескін-кейпіміз, тірі сөзімізбен қатар, алаштың арнап келген үлкенді-кішілі қаншама азаматының бейнесі сақталып қалыпты. Бұл кездесу жайын айтып отырғаным, кеш басталар қарсаңда, үлкен залдың ауызғы бөлігі, менің біраз кітабым қойылған көрменің қасында Нықан сөз сөйлеп тұр екен. Мен білмеймін, Жүрсін бауырым өтініш жасапты. Біраз жұрт алыстан қарап тұр, мен бөгелмей ішке кіріп кеттім. Кейінірек, монтаждау кезінде көрдім, сол қалпы, ақырғы нұсқаға еніп еді. Нықан, шамасы, жеті-сегіз минут, экспромтпен сөйлейді, осы аяқ асты, азғана уақыт шегінде менің бүткіл шығармашылық тұлғамды кейіптеп шыққан екен. Байыпты, мағналы сөз. Әсіре, қолпаш жоқ, бірақ жоғары баға. Сол беті кейінге жетті.

1997 жылдың соңында Нықан жетпіс жасқа толды. ҚазПИ қабырғасында аталмақ. Мен мерекелік комиссияның мүшесі едім. Яғни, баспасөз бетіндегі алдынала ұйымдастыру шараларына жауапты кісілердің бірі. Қирабаев бар, басқалар бар, өзара міндет бөліскенде маған «Жас Алаш» газеті тиген. Мерекелік мақаланы Рамазан Тоқтаровқа тапсырдым. Өзі де ынталы. Күнделікті газет мүмкіндігіне қарай, аса үлкен емес, бірақ жеткілікті көлемде, мазмұнды, тәп-тәуір мақала жазды. Атаулы мезгілінен оншақты күн бұрын дайын болған. Содан соң «вертушкадан» газет редакторы Нұртөре Жүсіповке тікелей телефон шалдым. Жасы менен біршама кіші, кезінде Алтынбек Сәрсенбаевпен бірге оқыған, жұрт айтатындай, осы министр сүйреп жүрген, бір кездегі курстас төрт редактордың бірі. Былайша әлденеше көріссек керек, басқадай, алысты, жақынды қатынасымыз жоқ. Амандықтан соң, Нығмет Ғабдуллиннің жетпіс жасы атала бастағаннан айттым. Мен мерекелік комиссия мүшелерінің бірімін. Енді сен басқарып отырған жастар газетіне қолқамыз бар. Атаулы күні – мынандай, сол қарсаңда арнайы мақала берсеңдер. Рамазан Тоқтаров жазған дайын мақала. Ал бұл Нығмет Ғабдуллин әдебиетші, әрі журналист ретіндегі қызметін осы «Жас Алаш», бұрнағы «Лениншіл жастан» бастаған. Қазір де жастардан алыс емес, Педагогтық институтта ұстаз, профессор. Біздің басқа да белгілі жазушылардың бір айырмасы – барлық шығармалары дерлік жастар тақырыбында... Сыпайы сөзімнің негізгі түйіні осындай болды.

Нұртөре бауырым ыңыранып отырып, әрең тындады. Бірден андадым, қыр көрсеткені, немесе бұлданғаны. Бірақ азғана сөзімді ақырына жеткізген едім. Негізгі тұрғысын қайталасам: «Лениншіл жаста» бастаған, жастар жазушысы және жас студенттер ұстазы – сөз орайы келген соң айтылған кеп. Әйтпесе, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер, қазақ баспасөзінің қайсына болмасын қатысты тұлға... Қайткенде Нұртөре бастық әуелгі ыңыранған қалпынан танбады. Нығмет Ғабдуллинді былай қойсақ, мен – жасы үлкен ағасымын, қатардағы көптің бірі емес, белгілі қаламгер, және орталық әдеби журналдың бас редакторы. Тіпті, мен ешкім де емес, ауылдан келген қарапайым оқырман болсам да, мұншама астамшылықтың жөні жоқ. Мен қарызға ақша сұрап тұрғандай, әрбір орам сөзімнен соң шалқая түсті. Ақыры, сол ыңыранған қалпы, әрең сыздықтап: «Мһм... Әкелсін... Көрейік...» – деп барып, менің кейінгі сөзімді күтпестен, телефон тұтқасын тастай салды. Ал енді қайтесің. Қайыра соғып, уағыз айтасың ба. Нығмет Ғабдуллиннің ісі саған түсіп тұрған жоқ, мен де пәленбаймын, адамша сөйлес деп ұрсысасың ба... Кіді, қолайсыз жағдай. Ақыры, жастармен аралас орта, осындай редакцияда қалыптасқан мінезі шығар деп, өзімді алдарқатып, әрең басылдым. Арада апта өтсін. Немесе оншақты күн. Мақаламыз Нықанның атаулы күні де, оның қарсаңында да көзге түспеді. Ақыры, той өткен соң, келер жетінің ортасында әрең басылған. Кешегі кекірт мінездің ашық мазаққа айналған сұмпайы көрінісі ретінде бағалап едім. Рамазан жазған сауатты сегіз бет мақаланың тең жарымы қысқарған. Қалған жұқанасы алақандай жерге, әдепкі шрифт емес, баспасөзде нонпарель аталатын, ғылыми кітаптарда бет соңындағы сілтемеде ғана берілуі мүмкін, әдепкі қолданыста мүлде жоқ, құмырсқаның ізіндей ұсақ жазумен теріліпті. Мен осыншама бейбас, тұрпайы басынуға ыза болып, тікелей телефонға қолым бара беріп, әрең тоқтадым. Мұндай бейпілге көңіл бөліп, қайыра сөйлесіп жатудың өзі намыс екен. Әлбетте, бұл өзгеше таңбаны Нықан да көрді. Бірақ екеуіміз де тіс жармаған едік. Рамазан мақаламның толық нұсқасын Нықанның өзіне апарып бердім деген. Кейін, мерейтойдан тыс, әдепкі танымдық тұрғыда әлдебір жерде басылған, басылмағанын білмеймін. Әйтеуір, менің өзіме тікелей қатысты, қисынсыз жағдаят ұмытпастай есте қалыпты. (Бұл жігітіміз кейінірек, азғана уақыт жастар газетінен шеттегенмен, көп ұзамай, ескіше айтқанда, номенклатураға қайтадан ілініпті. Қазірде әлдебір үкіметтік басылымның тұтқасында отырса керек. Байқауымша, бұрынғыдан мүлде басқаша, кәдімгідей, жап-жақсы жігіт. Мен шетке кеткеннен соң оншақты жыл өткенде, байланысқа шыққысы келген екен. Және кейінгі әлдебір жазуларын интернеттен көзім шалғаны бар. Мына мен – өзіндей дүр редактордан рақымшылық тілеген, ақша сұраған панасыз мүсәпір емес, тәп-тәуір кісі сияқтымын. Қайран қалдым. Осы соңғы жылдарда жаңа бір шығармалар жазғаныммен, бұрынғыдан асып кеткен ештеңем жоқ, сол баяғы қалпым. Қайта, кері кеткен сияқтымын: журнал редакторы емес, Жазушылар одағының хатшысы емес, шетте жатқан бір бейсауат жан. Өз ойымша асып-төгілген ешқандай өзгерісім жоқ. Демек мына бала өзгерген. Алайда, маған бұдан түсетін

жеңілдік қане. Нығмет Ғабдуллин қайта оралып жетпіске келмейді, баяғы жұлма мақала жаңарып, той күні қайыра басылмайды. Нұртөре бауырым сол беті кетсе, анау бір күндерде маған өштігі, Нығмет Ғабдуллинге өкпе, реніші болған екен деп, қоя салар едім. Нықанның кейінгі жастармен ешқандай шатағы болуы мүмкін емес. Ал мен... Алтынбектің келесі бір досы отырған шақта біз – «Жұлдыз», «Жас Алашпен» жандасқан жағдайымыз бар. Шұқыланып, тұртпектеп қоймаған соң. Газет демейін, жаңа редактор үшін оншалық абырой болмаған. Ал Нұртөренің кезінде ешқандай алалық жоқ еді. Ендеше, осы сыйлас қалпымызда қалайық. Бірақ өткенді еске түсіргенде, өз заманындағы нағыз зиялы, ізгілікті Нығмет Ғабдуллинге қатысты, кішкентай болса да ұмытылмас кінәратты қағазға түсіріп қою қажет деп таптым.)

Нықанның туған күні – айдың ақыры. Нақты есімде жоқ, осы желтоқсан ішінде ме, әлде ілгері, немесе кейінірек, жаңа жылда ма. Факультеттің тағы қаншама игі жақсылары қатынасқан, дос-жар белгілі қаламгерлер келген, студенттер лықа толып отырған атаулы жиында ресми баяндамашы мен болдым. Негізгі шығармалары – әңгіме, повесть, романдарын және ғылыми зерттеу еңбектерін қайыра қарап, Нығмет Ғабдуллиннің қазақ прозасында өзіндік орны бар үлкен жазушы екеніне көзім жете түсті, сонымен қатар, әдеби зерттеу саласында, оның ішінде Ғабит Мүсіреповті тану тарабында елеулі қызметі бар. Мен жаңа бір дүниелердің үстінде отырдым ба, уақытым тығыз болған сияқты, қашанда ортадан үзіп, басқа тақырыпқа көшу қиын, әйтеуір Нығмет Ғабдуллин шығармашылығына қатысты түйінді пікірлерімді таратып жазбай, жекелеген, тізбекті тезис ретінде қағазға түсіріп, топ алдында еркін сөйледім. Тәуір шығып еді. Көп ұзатпай жинақтап, дәйектеп жазам деп ойлағам. Тезінен орайы болмапты, уақыт озып, көмескіленген кезде бастан-аяқ қайтадан пысықтауға мұршам келмеді. Әуелде кеңінен қамтымақ едім, шындығында үлкен қателік, – мерекелік жиыннан соң, тіпті, біраз уақыт өткеннен кейін де, көп ұзатпай, бірер күн отырып, он-он бес беттік мақала жазу қиындыққа түспес еді. Менің тарабымнан кеткен үлкен кінәрат.

ҚазПИ-дің ұлағатты ұстаздары, қазақ әдебиетінің белгілі қайраткерлері қатысқан атаулы жиыннан соң, кешкілік, орталықтағы үлкен бір ресторан, Мағрипа жеңгейдің көл-көсір дастарқанында қайтадан басымыз қосылды. Мен асаба міндетін атқарып едім. Көңіл ашылған, еңсе жазылған, думанды, салтанатты, айрықша бір той болды. Бұл кезде, жоғарыда айтқанымдай, Нықан орнынша, ҚазПИ-де, профессор, мен «Жұлдыз» журналында бас редактормын. Екі отбасы да Жамбыл көшесіндегі құтты мекендерімізден ауысқанбыз. Біз – Құрманғазыдағы жазушылар ауылында, Нықан да тым алыс емес, іргедегі Шевченко көшесінің төменгі беті, Масаншымен қиылыста. Әрине, алыс, жақын демей, аралас қатынасымыз одан әрі жалғаса берді. Бұрынғыдай аса жиі болмаса да, тым сирек емес.

Қуанышы мол, қиындығы да бар, қайткенде жазу мен қосалқы еңбек үстінде күннен күн, жылдан жыл өте берді. Екеуара есте қалған болмашы

бір жағдай – 1986 жылы Жазушылар одағының, ол заманда әжептәуір беделді, Халықаралық аталатын «Алаш» сыйлығына өтуіне атсалыстым. Менсіз де алатын сыйлық. Бұл кезде жетпіске иек артқан, ақсақал жасында. Сергек, тың болатын. Өткен үлкен ұл ұмытылмаса да, ескі жара білтелі, тетелес кіші ұл өмірден өз орнын тапқан үлкен азамат, кейінгі немерелер және қосарымен өсіп жатыр. Нықанның ендігі төрт құбыласы түгел сияқты.

Алайда, әр пенденің кесімді тағдыры бар. Кейінгі кезде пейіліміз бұрынғыдай болса да, көрісуіміз сиреген еді. Күндердің күні Нықан ауырып, төсек тартып жатып қалыпты деп естідік. Жеңгейге телефон шалып, бөгелместен барып жеттік.

Біз кіргенде Нықан басын көтеріп отырды. Жүдеу, бірақ қатерлі жағдайдан тыс сияқты. Қам көңілмен, бейсауат әңгімеге кірістік. Нықан баяу дауыспен «осылай нашарлап қалғаным...» деп, күле сөйледі. Тым нашар да, онша қунақ та емес. Атаулы сырқаты жоқ, дене талыққан, созылмалы бір дерт сияқты. Жеңгей қолма-қол дастарқан жасады. Бұл үйде қашанда молшылық. Нықан столға келмеген. Әлі құрығандай, диванға қайтадан жантайды. Мен қарама-қарсы, Нықанмен ара-тұра тіл қатысып, дәм алып отырмын. Ағамның жағдайы бір қалыпты сияқты, қайта көтерілуі ғажап емес. Әйткенмен, көңілім алақұйын. Бақыт ежелден үйреншікті, жақын әдеті бойынша, жеңгеймен шүйіркелесіп кетті. Мен көңіл үшін дастарқан басында қажетінше бөгеліп, дивандағы Нықанның қасына, орындық қойып отырдым. Көтермелеп сөйлеймін. Кешелі-бүгінгі, тоқсаннан асқан ағаларыңызды айтпағанда, эне, құрдас, дос қатарыңыз – Серағаң мен Тұрсекең, Рахаң, және тағы бір кісілер шапқылап жүр, атаулы дертіңіз жоқ, апта өтіп, ай таусылмай, сіз де қалпыңызға келесіз, деймін. Нықан күледі. Олар түгел мықты ғой. Енді мен де оңалам... – дейді.

Ақыры, қимай қоштастық. Бұл кезде біз елден кетпегеміз. Алайда, жыл аралатпай шетке шығатын едік. Прагада, «Азаттық» радиосында қызмет атқаратын баламыздың үйінде айлап жатамыз. Әжесі сағынып қалған немерелерін ойнатады, мен көбіне-көп жазумен отырам, қайткенде алаңсыз демалыс. Сөйтіп жүргенде, көп ұзамай, Нықанның жаманат хабарын естідік. Үш айдан соң қайтып келе салысымен, күн оздырмай, қара орман орнына барып едік. Мағыш жеңгеймен жылап көрістік...

Әрине, ішің ашып, бауырың езіледі. Қашанда еңсесі тік, соңғы кезге дейін сап-сау еді ғой, қалайша ауырды, қалай ғана мұншама ерте кетті, деп ойлаймыз. Одақ төңірегіндегі әлдебір құнсыз жазармандарды айтпағанда, құрдастары жүр ғой эне, шырғасы шықпай. Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Рахманқұл Бердібаев... Бұлар да тілектес, сыйлы кісілеріміз. Барын артық көргеннен емес, Нықанның өз ортасынан жырылып, алдымен кетуі өкініш. Енді, уақыт озған соң байыптап қарасам, аса ұзақ болмағанмен, тым келте де емес, біршама ғұмыр кешкен екен. 11 июль 2005 – толық жетпіс жеті жас және жарты жылдан астам. Ең бастысы – азаматтық, қайраткер, қаламгерлік өмірде қадарынша еңбек етті, кейінгі ұрпақтың да кәдесіне жарайтын, сырлы, нәзік шығармалар

жазды, әдебиеттану ғылымында және із қалдырды. Пенделік тіршілікте – артында ұрпағы бар.

Осы соңғы бір жылдарда Нықаң туралы естеліктер жинағы шықты деп естідім. Қоғабай, Ахат және басқа да інілері мен шәкірттері атсалысқан. Тұстас, тұрғылас достары да сырт қалмаған сияқты. Әдетте, мұндай кітаптарда өткен кісі туралы жақсылық қана айтылады. Кейде кемісін жасырып, барын асыра бағалау да табиғи. Ал Нықаң жөнінде кім жазса да, бұлай айта алмас едім. Барын барынша қағазға түсірсе де, ерекше бір ізгі, бекзат, адал, айнымас адамның шынайы тұлғасы қалыптанбақ. Қазақы, сырбаз кісілік, өзгеше мәдениет, сабырлы, ұстамды, майдақоңыр мінез. Сонымен қатар, басқалар аңдады, аңдамады, менің анық көзім жеткені – Нықаң әділ, турашыл ғана емес, аса батыл, алған бетінен, ойлаған пікірінен қайтпас, қажетінде бірбеткей, қатқыл кісі болатын. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі, өзім тікелей куә болған, кейінде анық көзім жеткен, өзгеше жағдай.

Иә. Жан-жақты, аса білімдар, кірпияз мәдениетті, сонымен қатар, табанды, ұғым мен сенімде дәті берік, өзгеше жан еді. Қазақ зиялысының үлгілі көрінісі.

Осы естелік жазбалардың кіріспесінде айттым. Менің Мен болып шығуымда алдыңғы ағалардың қамқор шарапаты айрықша қызмет атқарды деп. Тәңірім өзгеше тандау түсіріп, санамызға сәуле құйған шығар, алайда, біз жасаған қиғылық заманда осы бойында барынды жүзеге асыру үшін қаншама қолайлы, сәтті, бақытты жағдаяттардың тоғысуы қажет еді. Әсіресе, өмір жолының бастапқы кезеңінде. Ұлы ұстазым Бейсенбай Кенжебаев, дарқан көңілді Мәлік Ғабдуллин, ғұлама данагөй Әлкей Марғұлан, әйгілі, классик жазушы Ғабит Мүсірепов, қазақтың қаһарман ұлы Ілияс Есенберлин... Осы Алаш азаматтарының арасында қайран Нықаң – Нығмет Ғабдуллиннің орны бөлек еді. Айттым, Ғабит Мүсіреповке жалғастырды, Ілияс Есенберлинге теліді... Түптеп келгенде, осыншама ұлы тұлғалардың ай даладағы жалғыз, жаңа бастаған жас балаға соншама ықылас танытуы – таң қаларлық оқиға. Шындығында, табиғи жағдаят дер едім. Ұлттық мұрат, қазақ мерейі үшін. Соншама сенім артып, риясыз қолдапты. Қазақ рухын көтереді деп, өздері атқарып жатқан, ойға алып жүрген игі істерді тың күшпен одан әрі жалғастырады деп білді. Жаңа бастаған бозбала жігіт кезімдегі әуелгі жазуыма, тың сөз, екпінді лепесіме қарап, болашақ тұлғамды таныпты. Мені қалай бағалаған, қалай жақсы көрген!..

Ал мен... Қайткенде темір өзек, құрыш қадам, әулие кейіпті Алып емес, жүйкесі жіптік, қайраты шектеулі, басқа да кемісі көп кәдімгі пендемін ғой. Барын бағалаған шығармын. Бірақ осы ізгі ағаларымның қайсына қандай жақсылық жасаппын? Қандай қайырым көрсетіппін? Әлдебір тайғақ қияда Ілекеме серіктесіп едім демесем, ешқайсына ешқандай пайда, себім тимепті. Әлбетте, маған қарап тұрған ештеңелері жоқ еді. Менің басыма төгілген бар игілік – айтқанымдай, осы еңселі, маңдайы ашық бала қазақ жұртына қажет деген сенімді үміттен бастау

алған. Яғни, тепе-тең қайырым шарт емес. Талайлы тағдырыңды ақтасаң болғаны. Және өз кезегінде кейінгі жасқа шарапатың тисін!..

Осындай мұнарлы биіктен қарағанда, Мұхтар Мағауин өзінің үш мың жылдық тарихы бар ұлтының алдындағы, арыда, беріде өткен жүз сан Аруақ алдындағы бар парызын қадарынша атқарып шықты дер едім.

Күміс Бұлақ, Мэриленд, АҚШ,
12-19.XII.2018.